

МАЗМҰНЫ

5	Нәтижелі ынтымақтастық
11	Мұнай: жер қойнауынан... сіздің үйіңізге дейін
28	«ПетроҚазақстан» стипендиалық бағдарламасына - 10 жыл!
45	Біздің заңгерлер
62	Оқиғалар күнтізбесі
68	Қазіргі Грекияның аңыздары мен ақиқаты

СОДЕРЖАНИЕ

7	Плодотворное сотрудничество
17	Нефть: из недр и до... вашего дома
34	Стипендиальной программе «ПетроКазakhstan» - 10 лет!
51	Наши юристы
64	Календарь событий
70	Мифы и реальности современной Греции

CONTENTS

9	Fruitful Cooperation
23	Oil: from subsurface right to... your home
40	10 th Anniversary of PetroKazakhstan Scholarship Program
57	Our lawyers
66	Calendar of events
73	The myths and reality of modern Greece

Байланыстық ақпарат:

Қазақстан Республикасы, Алматы,
050059, Фурманов көшесі, 244-а
тел.: +7 (727) 258 1848
Ainash.Tleubayeva@petrokazakhstan.com

Контактная информация:

Республика Казахстан, Алматы,
050059, ул. Фурманова, 244-а
тел.: +7 (727) 258 1848
Ainash.Tleubayeva@petrokazakhstan.com

Contact information:

244-a Furmanov Street, 050059,
Almaty, Republic of Kazakhstan,
tel.: +7 (727) 258 1848
Ainash.Tleubayeva@petrokazakhstan.com

МҰНАЙШЫ

«Мұнайшы» журналы - «ПетроҚазақстан» компаниясының қызметкерлеріне арналған корпоративтік басылым.

Бас редактор:

Бақытжан Исенғалиев

Бас редактордың орынбасары:

Екатерина Гребенникова

Редакциялық топ:

Махаббат Джайлғанова,
Диляра Қасымбекова,
Айнаш Тілеубаева,
Гүләйхан Ембердиева,
Ақтолқын Сұлтангереева.

Фотографтар:

Андрей Тайгунов

Журнал «Мұнайшы» - корпоративное издание компании «ПетроКазakhstan», предназначенное для сотрудников.

Главный редактор:

Бахытжан Исенғалиев

Заместитель главного редактора:

Екатерина Гребенникова

Редакционная группа:

Махаббат Джайлғанова,
Диляра Қасымбекова,
Айнаш Тлеубаева,
Гүләйхан Ембердиева,
Ақтолқын Сұлтангереева.

Фотографы:

Андрей Тайгунов

Munaishy is a corporate PetroKazakhstan magazine for the employees.

Chief Editor:

Bakhytzhon Issengaliyev

Deputy Chief Editor:

Ekaterina Grebennikova

Editing staff:

Makhabbat Dzhaiganova,
Dilyara Kassymbekova,
Ainash Tleubayeva,
Gulyaikhon Yemberdiyeva,
Aktolkyn Sultangerееva.

Photographers:

Andrey Taigunov

БАС РЕДАКТОРДЫҢ СӨЗІ
ОБРАЩЕНИЕ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА
CHIEF EDITOR'S PAGE

Құрметті оқырмандар,

Қыркүйек айында Қазақстанның барлық мұнай-газ қоғамдастығы өзінің басты мейрамы - Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнін, немесе, біз әдеттегі атап кеткен, Мұнайшы күнін атап өтеді. Бұл саланың республика экономикасының дамуы мен қалыптасуындағы рөлін асыра бағалау қиын - мұнай-газ оның қозғаушы күші болды және солай болып қалуда.

Осы жетістіктің барлығы - сіздердің әрқайсыларыңыздың тікелей үлестеріңіз, құрметті мұнайшылар. Біз сіздерді осы мейраммен шын жүректен құттықтаймыз және ерен еңбектеріңіз үшін үлкен алғысымызды білдіреміз! Сіздердің жұмыстарыңыздың нәтижелері тұтас өңірлердің өміріне әсер етеді, және мұнайдың өндірілген немесе қайта өңделген әр тоннасымен отандастарыңыздың өмірінің жақсаруына жағдай жасайсыздар.

Әлеуметтік қызмет туралы айтқан кезде, осы жылы өзінің он жылдығын атап өтетін, біздің ең ірі бағдарламаларымыздың бірі - «ПетроҚазақстан» стипендиалық бағдарламасын атап өткім келеді. Аталған жылдар ішінде 100-ден астам қызылордалық бала әлемнің үздік университеттерінде техникалық мамандықтар бойынша жоғары деңгейлі білім алды және қазірде оқуларын жалғастыруда. Олардың бір бөлігі кен орындарында және «ПетроҚазақстан» компаниясының кеңселерінде геолог, геофизик және инженер ретінде қызмет етіп, өз білімдерін тиімді пайдалануда.

Алдымызда корпоративтік Спартакиада күтіп тұр, ол үшін бұл жыл - мерейтойлық жыл. Міне, осымен 5-ші рет спортпен әуестенген қызметкерлер, кезекті рет үздіктер атағына ие болу мақсатымен бір алаңға жиналады. Біздің ұжымға тән дұрыс сайыстық рух, басқалармен қоса сіз бен біздің жетістігіміздің негізі болып саналады.

Сіздерге табыс пен жаңа жеңістер тілеймін!

Б. Исенғалиев
Вице-президент

Уважаемые читатели,

В сентябре все нефтегазовое сообщество Казахстана празднует свой главный праздник - День работников нефтегазовой промышленности, или, как мы его привыкли называть, День нефтяника. Роль этой отрасли в развитии и становлении экономики республики сложно переоценить - нефтегаз был и остается ее локомотивом.

Все эти успехи - прямой вклад каждого из вас, дорогие нефтяники. И мы сердечно поздравляем вас с этим праздником и выражаем огромную благодарность за ваш непростой труд! Результаты вашей работы влияют на жизнь целых регионов, и с каждой добытой или переработанной тонной нефти вы способствуете улучшению жизни ваших соотечественников.

Говоря о социальной деятельности, хочется отметить одну из наших крупнейших программ - Стипендиальную программу «ПетроКазахстан», которая в этом году празднует свое десятилетие. За эти годы свыше 100 талантливых кызылординских ребят получили и продолжают получать высококлассное образование по техническим специальностям в лучших мировых университетах. Часть из них уже успешно применяет свои знания, работая геологами, геофизиками и инженерами на месторождениях и в офисах «ПетроКазахстан».

Впереди у нас корпоративная Спартакиада, которая в этом году станет юбилейной. Вот уже в 5-й раз увлеченные спортом сотрудники соберутся на одной площадке, чтобы в очередной раз побороться за звание лучших. Здоровый соревновательный дух, присущий нашему коллективу, и есть, помимо прочего, основа нашего с вами успеха.

Удачи и новых побед!

Б. Исенғалиев
Вице-президент

Dear readers,

In September, the oil and gas community of Kazakhstan celebrates its main holiday: the Oil and Gas Industry Workers' Day, or, as we are used to calling it, the Oilman's Day. It is hard to overestimate the role of this industry in the development and formation of the country's economy: oil and gas have always been and still is its driving force.

This success was made possible by the contribution of each and every one of you, dear oil workers. And we are happy to extend our best wishes to you on this holiday and express our sincere gratitude for your challenging work! The results of your work impact whole regions. Every ton of oil extracted or processed by you helps to make the lives of those around you better.

Speaking about social activity, I would like to mention one of our biggest projects, the PetroKazakhstan Scholarship Program, which is celebrating its tenth anniversary this year. Over these past ten years, more than 100 talented youngsters from Kyzylorda have received and are continuing to receive top education in technical fields in the best universities of the world. Some of them are already successfully putting their knowledge into practice while working at PetroKazakhstan's oil fields and offices as geologists, geophysicists and engineers.

We are looking forward to the corporate Olympics, which is also celebrating its anniversary. Our sports enthusiasts will meet for the 5th time to contest for the title of the best. The healthy competitive spirit inherent in our company is, among other things, the basis for our success.

Wishing you good luck and new achievements!

B. Issengaliyev
Vice President

НӘТИЖЕЛІ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ



Құрметті «ПетроҚазақстан» қызметкерлері!

2005 жылы Т.А.Құлыбаев мырзаның бастамасымен құрылған KAZENERGY қауымдастығы бүгінгі күні өзінің жоғары тиімділігін дәлелдеді, және бұл, Қауымдастықтың Қазақстанның жетекші мұнай-газ және энергетика компанияларын біріктіре алуымен байланысты. «ПетроҚазақстан» компаниясының KAZENERGY алғашқы құрылу сәтінен бастап осы Қауымдастық мүшесі болып саналатындығы қуанышты жайт. Осы уақыт аралығында жемісті жұмыс қатынастары қалыптасты, бұл орайда компанияның стратегиялық коммуникациялар департаментінің біздің Қауымдастықпен тиімді және сындарлы ынтымақтастық орнатудағы рөлін айта кеткім келеді.

«ПетроҚазақстан» компаниясы Қауымдастық іске асыратын көптеген жобаларға белсенді қатысып келеді, соның ішінде таяу арада өткен Дүниежүзілік мұнай конгресінде, үнемі өткізіліп тұратын Халықаралық салалық форум мен KAZENERGY көрмесіне әрдайым шынайы ынтымақтанып, және жұртшылыққа қызықты жобаларын ұсынып, ат салысып келеді. Олардың ішінде ерекше орынға ие болғаны, мұнай-газ қауымдастығы өкілдерінің арасында үлкен қызығушылық туғызған «ПетроҚазақстан» - ол біз!» фотоальбомы.

Бірқатар Үйлестіру кеңестері мен Сараптау комитеттерінің жұмысына белсенді қатысуы мен үлесі үшін «ПетроҚазақстанға» ризашылық білдіргіміз келеді. «ПетроҚазақстанның» бастамасы бойынша Үйлестіру кеңесінің қол астында Қауіпсіздік, еңбек қорғау, денсаулық сақтау және төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі жұмыс тобы құрылғандығын атап өту керек.

Біз, ҚР Мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы ретінде, аталған салада үлестері әртүрлі марапаттармен аталған, ең жоғарғы деңгейдегі кәсіпқойлардың жұмыс істейтінін мақтан тұтамыз. Қазір де «ПетроҚазақстанның» 70-тен астам қызметкері біздің Қауымдастық атынан медальдарға және өзге де ерекшелік белгілеріне ие болды.

«ПетроҚазақстан» компаниясының өндірістік қауіпсіздікті жақсартудағы, өңірлердегі жастарды қолдауда, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын, ардагерлерді, мәдениет пен спортты қолдаудағы белсенді ұстанымы - осының барлығы әлеуметтік жауапкершіліктің жоғарғы деңгейін көрсетеді және мұнай-газ саласымен қатар басқа да көптеген компаниялар үшін өнеге тұтарлық болып саналады.

Біздің бірлескен жұмысымыздың одан әрі жемісті түрде жалғасатындығына сенеміз және компанияларыңызға тұрақты табыс, озат өндірістік көрсеткіштер және алға қойған мақсат-жоспарларыңыздың іске асуына тілектеспіз.

Ж. Сәрсенов,
KAZENERGY қауымдастығының Төраға орынбасары

Марапаттар

Мұнай-газ және энергетика кешенінің үздік жұмыскерлерінің еңбек қызметтері KAZENERGY алғыс хаттармен марапатталады. «ПетроҚазақстанда» марапаттарды компанияның жоғарғы басшылығымен бірге тікелей зауытта және кен орындарында жұмыс істейтін жұмыскерлер де иеленді.

2010 жылы «ПетроҚазақстанның» бес қызметкері KAZENERGY медальдарына ие болды, медальдар оларға 2010 жылғы 12 наурызда «ПетроҚазақстан» Президенттік жүлде бағдарламасының нәтижелерін қорытындылауға арналған кеште тапсырылды. «ПетроҚазақстанның» марапатталған қызметкерлерінің ішінде - Қазақстанның оңтүстігін мұнай өнімдерімен қолдау үшін, МӨЗ-дің қысқа жоспарлық жөндеу жұмыстарын жасағандар, сондай-ақ өздерінің тәжірибесімен және күшімен, кен орындарының күрделі жағдайларында өндіру жоспарының орындалуын қамтамасыз еткендер болды.

2013 жылы мұнай-газ кешенінің жұмыскерлерін мараптау шеңберінде, KAZENERGY қауымдастығы «ПҚОП» ЖШС-

ның 11 жұмыскерін және «ПҚҚР» АҚ-ның 10 қызметкерін медальдармен, құрмет грамоталарымен және алғыс хаттармен марапаттады. 2014 жылы корпоративтік қызмет бөлімшесінің екі қызметкері KAZENERGY медальдарына ие болды. Жалпы алғанда, 2010 жылдан бастап, «ПетроҚазақстанның» 70-тен астам қызметкері KAZENERGY қауымдастығынан әртүрлі озаттық белгілер алды.

KAZENERGY елдік байқауының шеңберінде «Мұнайшы» корпоративтік журналы Қазақстанның мұнай-газ саласында үздік деп танылды, ал «ПҚОП» ЖШС KAZENERGY VIII Еуразиялық Форумы шеңберінде өтетін «KAZENERGY Show Room» жобасы бойынша «Social Responsibility Prize» және «Environmental Safety Prize» номинацияларында құрмет сертификаттарын алды. KAZENERGY компаниясының VII Еуразиялық Форумында біздің стэнд үздіктер қатарына енді және «ПетроҚазақстан» компаниясы ұйымдастырушылардың атынан «Стендтің өзіндік дизайны үшін» алғыс сертификатын алды.



KAZENERGY Үйлестіру кеңесінің отырысы / Заседание Координационного совета KAZENERGY / Meeting of KAZENERGY Coordinating Council

KAZENERGY қауымдастығы 2005 жылғы 2 қарашада құрылған және заңды тұлғалардың тәуелсіз ерікті коммерциялық емес бірлестігі болып табылады. Бүгінгі күні Қауымдастық жер қойнауын пайдаланушылар мен мемлекет арасындағы диалогтың дамуына қолдау көрсетіп және саладағы шешімдерді қабылдауға ықпал жасай отырып, республиканың энергетика секторының дамуында маңызды рөл атқарып отыр. KAZENERGY мұнай-газ және энергетика секторының, соның ішінде өндіруші және көлік, қызметтік және геофизикалық, уран және басқа ұлтаралық компаниялардан тұратын 50-ден астам ірі компанияларды біріктіреді. Қауымдастық Астанада жыл сайын өтетін KAZENERGY Еуразиялық форумын өткізеді. Қауымдастық Дүниежүзілік мұнай кеңесі мен Әлемдік энергетикалық кеңес сияқты беделді халықаралық мұнай ұйымдарының мүшесі болып табылады.



ЖЖ.Сәрсенов, Вэй Юйсян, Б.И.Исенғалиев / Дж.Сарсенов, Вэй Юйсян, Б.И.Исенғалиев / J.Zh.Sarsenov, Wei Yuxiang, B.I.Issengaliyev

«ПетроҚазақстан» және KAZENERGY

Қауымдастықпен өзара әрекеттестіктегі ерекше рөл, KAZENERGY компаниясымен тұрақты негізде белсенді ынтымақтастықта жұмыс жасайтын стратегиялық коммуникациялар департаментіне жүктелген. Бұған компанияның Дүниежүзілік мұнай конгресі және көрмесі, KAZENERGY Еуразиялық форумы сияқты беделді салалық ішараларын ұйымдастыру және оларға қатысу, сондай-ақ «KAZENERGY Show Room» және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікпен байланысты басқа да жобаларға қатысуға байланысты жұмыстар кіреді.

Қауымдастықта - оның тұрақты әрекет ететін консультативтік-кеңестік органдары болып саналатын 5 Үйлестіру кеңесі (ҮК) бар. ҮК ҚР мұнай-газ саласын дамыту үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыру мақсатында құрылған және оның даму мәселелерін талқылауға арналған алаң болып саналады. ҮК отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі, бірақ жылына 2 реттен кем болмайды. Біздің компания олардың үшеуінің қатысушысы болып табылады: Мұнай-газ саласын дамыту жөніндегі ҮК, Экология, әлеуметтік жауапкершілік және айқындық мәселелері жөніндегі ҮК және адами капиталды дамыту жөніндегі ҮК.

«ПетроҚазақстанның» бастамасымен Экология жөніндегі ҮК-ің қамқорлығымен Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, денсаулық сақтау және төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыс тобы құрылды. 2014 жылғы наурызда біздің компания KAZENERGY қамқорлығымен, аталған Жұмыс тобының шеңберінде Алматыда «Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, денсаулық сақтау және төтенше жағдайлар салаларындағы озық тәжірибе» тақырыбына алғашқы конференциясын өткізді.

Сондай-ақ, Қауымдастықта 2 Сараптау кеңесі бар (қаржылық-экономикалық мәселелер жөніндегі және заңнама жөніндегі). Отырыстар қажеттілігіне қарай өткізіледі, бірақ бір тоқсанда 1 реттен кем өткізілмейді. Олардың құрамына Қауымдастыққа мүше-ұйымдардың заң қызметтерінің бірінші басшылары және құқықтанушы-ғалымдар кіреді. Осылайша, Заңнама жөніндегі сараптау кеңесінің жұмысына, саланың заңнамалық жобалары мен бастамаларын әзірлеуде өз үлестерін қоса отырып, 2012 жылдан бастап біздің компанияның заңгерлері де белсенді түрде қатысып келеді. «ПетроҚазақстанның» заң қызметінің жұмысын, атап айтқанда, «жер қойнауы» туралы Кодекстің жобасын (Тау-кен кодексі) әзірлеудегі үлесін атап өткен жөн.

ПЛОДОТВОРНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО



Уважаемые сотрудники «ПетроКазахстан»!

Созданная в 2005 году по инициативе г-на Т.А.Кулибаева, Ассоциация KAZENERGY на сегодняшний день доказала свою высокую эффективность, и в наибольшей степени это связано с тем, что Ассоциация смогла объединить ведущие нефтегазовые и энергетические компании Казахстана. Отрадно, что с самого начала основания KAZENERGY компания «ПетроКазахстан» является членом Ассоциации. За это время были выстроены плодотворные рабочие отношения, и особо хочу отметить роль департамента стратегических коммуникаций компании в эффективном налаживании и конструктивном сотрудничестве с нашей Ассоциацией.

«ПетроКазахстан» принимает активное участие во многих проектах, реализуемых Ассоциацией, включая недавно прошедший Всемирный нефтяной конгресс и выставку, регулярно проводимые Международным отраслевым форумом и выставку KAZENERGY, всегда демонстрируя высокий уровень вовлеченности и представляя общественности интересные проекты. Особое место среди них занимает фотоальбом «ПетроКазахстан» - это мы!, вызвавший большой интерес у представителей нефтегазового сообщества.

Хотелось бы выразить «ПетроКазахстан» признательность за активную вовлеченность и вклад в работу ряда Координационных советов и Экспертных советов. Нужно отметить, что именно по инициативе «ПетроКазахстан» была создана Рабочая группа по вопросам безопасности, охраны труда, здравоохранения и чрезвычайных ситуаций под эгидой одного из Координационных советов.

Мы, как Ассоциация организаций нефтегазового и энергетического комплекса РК, гордимся тем, что в отрасли работают профессионалы самого высокого уровня, вклад которых отмечаем различными наградами. Уже свыше 70 сотрудников «ПетроКазахстан» было удостоено медалей и иных отличительных знаков от лица нашей Ассоциации.

Активная позиция компании «ПетроКазахстан» в деле улучшения производственной безопасности, поддержка молодежи в регионе, социально уязвимых слоев населения, ветеранов, а также культуры и спорта - все это показывает высокий уровень социальной ответственности и является показательным для многих других компаний, и не только в нефтегазовой сфере.

Надеемся на дальнейшее успешное продолжение нашей совместной работы и желаем вашей компании стабильной добычи, отличных производственных показателей и реализации намеченных планов и задач.

Д. Сарсенов,
Заместитель Председателя Ассоциации KAZENERGY

Награды

Трудовые заслуги лучших работников нефтегазового и энергетического комплекса отмечаются наградами KAZENERGY. В «ПетроКазахстан» награды получали как высшее руководство компании, так и работники, непосредственно работающие на заводе и на месторождениях.

В 2010 году пять сотрудников «ПетроКазахстан» были удостоены медалей KAZENERGY, которые были вручены им 12 марта 2010 года на вечере, посвященном подведению итогов программы Президентская премия «ПетроКазахстан». Среди награжденных сотрудников «ПетроКазахстан» - те, чьи усилия были проведены самый короткий плановый ремонт НПЗ, для того, чтобы поддержать юг Казахстана нефтепродуктами, а также те, кто своим опытом и усилиями в сложных условиях месторождений обеспечили выполнение плана добычи.

В 2013 году в рамках празднования Дня работников нефтегазового комплекса Ассоциацией KAZENERGY были на-

граждены медалями, почетными грамотами и благодарственными письмами 11 работников ТОО «ПКОП» и 10 сотрудников АО «ПККР». В 2014 году две сотрудницы подразделения корпоративных услуг также были удостоены медалей KAZENERGY. В целом, начиная с 2010 года свыше 70 сотрудников «ПетроКазахстан» получили различные знаки отличия от Ассоциации KAZENERGY.

В рамках странового конкурса KAZENERGY корпоративный журнал «Мунайшы» был признан лучшим в нефтегазовой отрасли Казахстана, а ТОО «ПКОП» получило почетные сертификаты в номинациях «Social Responsibility Prize» и «Environmental Safety Prize» по проекту «KAZENERGY Show Room», проводимому в рамках VIII Евразийского Форума KAZENERGY. А на VII Евразийском Форуме KAZENERGY наш стенд вошел в число лучших, и «ПетроКазахстан» получил от организаторов сертификат благодарности «За оригинальный дизайн стенда».



«ПКОП» ЖШС-на «Environmental Safety Prize» номинациясында сертификат табысталды /
 ТОО «ПКОП» получило сертификат в номинации «Environmental Safety Prize» /
 PKOP receiving the certificate in 'Environmental Safety Prize' nomination

Ассоциация KAZENERGY была создана 2 ноября 2005 года и является независимым добровольным некоммерческим объединением юридических лиц. Сегодня Ассоциация играет значительную роль в развитии энергетического сектора республики, содействуя развитию диалога между недропользователями и государством и влияя на принятие решений в отрасли. KAZENERGY объединяет свыше 50 крупных компаний нефтегазового и энергетического сектора, включая добывающие и транспортные, сервисные и геофизические, урановые и другие транснациональные компании. Ассоциация проводит в Астане ежегодный Евразийский форум KAZENERGY. Ассоциация является членом таких авторитетных международных нефтяных организаций, как Всемирный нефтяной совет и Мировой энергетический совет.



KAZENERGY VII Евразиялық Форумда біздің стенд үздіктердің қатарына енді / Наш стенд вошел в число лучших на VII Евразийском Форуме KAZENERGY / Our stand became one of the best at VII KAZENERGY Eurasian Forum

«ПетроКазахстан» и KAZENERGY

Особая роль во взаимодействии с Ассоциацией возложена на департамент стратегических коммуникаций, активно сотрудничающий с KAZENERGY на постоянной основе. Это включает работу по организации и участию компании на таких влиятельных отраслевых мероприятиях, как Всемирный нефтяной конгресс и выставка, Евразийский форум KAZENERGY, а также участие в проекте «KAZENERGY Show Room» и иных проектах, связанных с корпоративной социальной ответственностью.

В Ассоциации существует 5 Координационных советов (КС) - ее постоянно действующих консультативно-советающих органов. КС созданы для формирования благоприятных условий для развития нефтегазовой отрасли РК и являются площадкой для обсуждения вопросов ее развития. Заседания КС проводятся по мере необходимости, но не реже 2-х раз в год. Наша компания является участником трех из них: КС по развитию нефтегазовой отрасли, КС по вопросам экологии, социальной ответственности и прозрачности и КС по развитию человеческого капитала.

По инициативе «ПетроКазахстан» была создана Рабочая группа по вопросам безопасности, охраны труда, здравоохранения и чрезвычайных ситуаций под эгидой КС по экологии. В марте 2014 года наша компания под эгидой KAZENERGY провела в Алматы первую в своем роде конференцию на тему «Передовой опыт в области промышленной безопасности, охраны труда, здравоохранения и чрезвычайных ситуаций» в рамках работы данной Рабочей группы.

В Ассоциации также есть 2 Экспертных совета (по финансово-экономическим вопросам и по законодательству). Заседания проводятся по мере необходимости, но не реже 1-го раза в квартал. В их состав входят первые руководители юридических служб организаций-членов Ассоциации и ученые-правоведы. Так, в работе Экспертного совета по законодательству с 2012 года активное участие принимают и юристы нашей компании, внося свой вклад в разработку законодательных проектов и инициатив отрасли. Следует отметить работу юридической службы «ПетроКазахстан», в частности, в разработке проекта Кодекса «О недрах» (Горный кодекс).

FRUITFUL COOPERATION



Dear PetroKazakhstan employees,

The KAZENERGY Association, created in 2005 by the initiative of T.A.Kulibayev, has proven its efficiency, and to a high extent it is due to its ability to unite leading oil & gas and energy companies of Kazakhstan. We are glad that since the beginning of KAZENERGY establishment PetroKazakhstan has been its member. In that time, fruitful working relations have been built, and here I would like to emphasize the role of the company's Strategic Communications Department in the effective creation and built-in cooperation with the Association.

PetroKazakhstan participates actively in many Association projects, including the recent World Petroleum Congress and Exhibition, the regular KAZENERGY International Industry Forum and Exhibition, always demonstrating a high level of involvement and preparation, representing interesting projects, especially the 'We are PetroKazakhstan!' photo album, which has created great interest among representatives of the oil and gas community.

We would like to express our gratitude to the company for its active involvement and contribution to the work of a range of Coordinating Councils, and also Expert Councils. I would like to remind that the Working group on safety and security, health and emergencies under the umbrella of the Coordinating Council was set up at exactly PetroKazakhstan's initiative.

As an Association working for the Kazakhstan oil and gas and power sector, we are proud that the sector employs professionals of the highest levels whose contribution has been marked in various ways. More than 70 PetroKazakhstan employees received medals and other gratitude notes from our Association.

The company's active position in relation to improving production safety, supporting youngsters in the regions, socially underprivileged sections of the population, veterans and also culture and sport testifies to a high level of social responsibility and is a role model for many companies, not only in the oil and gas sector.

We look forward to a successful continuation of our working relationship and wish your company stable production, excellent operating results and implementation of all plans.

J.Sarsenov,
Deputy Chairman of KAZENERGY Association

Awards

KAZENERGY recognizes the achievements of the oil and gas and energy sectors' best employees through its awards programme. Those recognised in PetroKazakhstan include top management and people working directly at the Refinery and fields.

In 2010, five PetroKazakhstan employees received KAZENERGY medals that were awarded on 12 March 2010 at the PetroKazakhstan President's Award evening. Among rewarded are those whose efforts led to the quickest planned Refinery turnaround ever to ensure the south of the country will have access to petroleum products, and also those who gave their experience and efforts to guarantee production plans during difficult conditions.

In 2013, as part of celebration of the Day of oil and gas industry employees, the KAZENERGY Association awarded

medals, certificates of honour and letters of gratitude to 11 PKOP employees and 10 PKKR employees. In 2014, two Corporate Services Division employees also received KAZENERGY medals. In total, since 2010, more than 70 PetroKazakhstan employees have received various tokens of excellence from the KAZENERGY Association.

In addition, within the framework of country-wide contest, Munaishy was recognised as the best corporate publication in oil and gas sector in Kazakhstan by KAZENERGY, while PKOP received certificates of excellence in the KAZENERGY Show Room project in 'Social Responsibility' and 'Environmental Safety' nominations at the VIII KAZENERGY Eurasian Forum. At the VII KAZENERGY Eurasian Forum, our stand was named one of the best and PetroKazakhstan received a certificate of gratitude 'For Original Stand Design' from the organisers.



«Мунайшы» - «Мунай саласының үздік басылымы» атты номинациясындағы жеңімпаз / «Мунайшы» - победитель в номинации «Лучшее отраслевое корпоративное издание» / Munaishy is winner in the nomination 'The best industry corporate publication'



KAZENERGY медалі / Медаль KAZENERGY / KAZENERGY medal

The KAZENERGY Association was created on 2 November 2005 and is an independent voluntary non-commercial association of legal entities. Today, it plays a significant role in the development of the country's energy sector, aiding the development of dialogue between subsoil users and the state, and influencing the adoption of industry solutions. KAZENERGY unites over 50 major companies in the oil and gas and energy sectors, including production and transportation, services and geophysics, uranium and other multinational companies. The Association holds its annual KAZENERGY Eurasian Forum and is a member of established international oil organisations such as the World Petroleum Council and World Energy Council.

PetroKazakhstan and KAZENERGY

Discrete role in interacting with the Association lays on the PetroKazakhstan Strategic Communications Department that conducts on-going cooperation with KAZENERGY. That includes work on organizing and participation of PetroKazakhstan at such influential industry events as World Petroleum Council and Exhibition, Eurasian KAZENERGY Forum, as well participation in KAZENERGY Show Room and other projects related to corporate social responsibility.

The Association has 5 Coordinating Councils (CC), which are its permanent consulting and advisory bodies. CC are used to create favourable conditions for the development of the Kazakhstan oil and gas sector and are a platform for discussing development issues. CC meetings are held when required, but at least twice a year. PetroKazakhstan participates in three of them: the CC for the development of the oil and gas sector, the CC for ecological, social responsibility and transparency issues and the CC for the development of human resources.

At PetroKazakhstan's initiative, a Working group on safety and security, health and emergencies was set under the umbrella of the ecology CC. In March 2014, together with KAZENERGY PetroKazakhstan held the first conference in Almaty dedicated to 'Contemporary Experience in Industrial Safety, Work Safety, Health and Emergencies' as part of the Working group's efforts.

The Association also has two Expert Councils (for financial and economic and also for legislative issues). Meetings are held when required, but at least once a quarter. The groups are made up of heads from Association members' legal departments and legal scholars. Our lawyers have been working with the Expert Council for Legislation since 2012, making contribution to the development of legislative projects and sector initiatives. In particular, currently PetroKazakhstan legal department is working on the developing a Draft Subsoil Code (Mining Code).



Қазақстанның ресми өкілдері Дүниежүзілік мұнай конгресінде / Официальные представители казахстанской делегации на Всемирном нефтяном конгрессе / Officials from Kazakhstani delegation at the World Petroleum Congress

МҰНАЙ: ЖЕР ҚОЙНАУЫНАН... СІЗДІҢ ҮЙІҢІЗГЕ ДЕЙІН

Мұнай мен газ өндірудегі технологиялық тізбек туралы бұрын жазғанбыз (Мұнайшы №1–2014, Мұнай: жер қойнауынан сіздің үйіңізге дейін. Алтыншы бөлім). Онда ұңғымадан алынған мұнай эмульсиясы тауарлық мұнайға айналу үшін қандай дайындық және қайта өңдеу кезеңдерінен өтетіні, нәтижесінде «ҚазТрансОйл» жүйесі арқылы мұнай өңдеу зауытына (МӨЗ) қайта өңдеуге немесе экспортқа кететіні баяндалған еді. Бірақ магистральды құбырға жеткенше мұнайды алдымен өлшеп, тексереді – ҚТО жүйесіне өту үшін ол физика-химиялық қасиеттер мен мұнайды дайындау кезеңдеріндегі қатаң талаптарға сай болуы керек.

Сегізінші бөлім. Мұнайды тасымалдауға дайындау.

Мұнайды дайындау және айдау цехында (МДАЦ) тауарлық мұнайды дайындау үдерісі аяқталған соң сұйыққоймада сақталған және тасымалдауға дайын мұнай массалық шығын өлшегіш пен мұнай сапасын өлшеу блогынан өткен соң «ҚазТрансОйл» АҚ-ның магистралды мұнай құбырына түседі, сол жерде өзі туралы екі маңызды құжат - мұнайды қабылдау-өткізу актісі мен мұнай сапасы туралы төлқұжатты қалдырады.

Аталған құжаттарды беруге қатысты барлық жұмыстарды ПҚҚР ішінде екі бөлім - химиялық жүйелер бөлімі мен технологиялық бөлім атқарады. Химиялық жүйелер бөлімі мұнай сапасы туралы төлқұжатты толтырады, ал технологиялық бөлім - мұнайды қабылдау-өткізу актісін дайындайды.

Вахталық әдіспен 116 қызметкер жұмыс істейтін химиялық жүйелер бөлімін менеджерлер Мұхтар Сейілов пен Владимир Мұштаев басқарады. Бөлім екі бөлімшеден құралған: Құмкөл мен

ҚАМ, Оңтүстік-Шығыс Қызылқия, Солтүстік-Батыс Қызылқия, БатысТүзкөл, Қарабұлақ кен орындарында мұнай өндіруде химиялық реагент қолданумен айналысатын ұңғымаларды химиялық өңдеу бөлімшесі, ол сондай-ақ, мұнай мен газды дайындау, мұнай өндіру үдерісін қиындататын өндірістік мәселелерді шешеді; химиялық зертханалар бөлімшесі жоғарыда аталған кен орындарынан алынған мұнайдың, су мен газдың химиялық құрамын анықтау үшін химиялық талдаулар жасайды.



Химиялық жүйелер бөлімінің ұжымдық фотографиясы, Арысқұм / Коллективное фото отдела химических систем, Арысқұм / Group photo of Chemical Systems Department, Arysium



Мұхтар Сейілов,
*химиялық жүйелер
менеджері*

- Жұмысыңыздың басты бағыттары туралы айтып бересіз бе?

- Біздің бөлімнің негізгі міндеттерінің бірі - химиялық реагенттер қолдану арқылы тауарлық мұнай дайындауды қамтамасыз ету және тауарлық мұнайға сапалы химиялық талдау жасау. Біз мемлекеттік стандарттар мен куәліктер, әртүрлі жетекші құжаттар мен саясаттар және рәсімдерді қамтитын нормативтік құжаттар талабына сай өнімді жүзеге асыруды бақылап, оған қауіпсіздік төлқұжаты мен куәлігін береміз. Қабат қысымын сақтау (ҚҚС) және мұнай жинау жүйесінде шикі мұнайды, сұмұнайлы эмульсия, қабатты су мен илеспе газды үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету үдерісіне де қатысамыз, қажетті сынамаларды уақтылы алу арқылы құбырларды сақтап, химиялық талдаулар жасап, ықтимал салдарын болдырмау үшін шаралар қабылдаймыз. Біздің бөлімнің мамандары алынған сұйықтық пен жанама өнімдердің қасиеті мен сапасын анықтау үшін зертханалық және зерттеу жұмыстарын жүргізеді, құрал-жабдықты пайдалану үдерісінде пайда болатын түрлі химиялық реакциялардан туындаған өндірістік мәселелерді зерттейді. Қажетті дәлдікпен өлшеу (сынақ алу) жұмыстарын орындау талаптарын сақтау және химиялық реагенттер мен қорлардың шығындарын (мөлшерін) бақылау, мұнай кәсіпорны мен қолданылатын өлшегіш құралдарды сақтау да біздің міндетімізге кіреді.

- Соңғы жылдары қандай ірі жобаларды жүзеге асырдыңыздар?

- Ең алдымен, Шығыс Құмкөл кен орнында химиялық қорғау жабдықтарын енгіздік. Кен орнын пайдалануды бастаған соң бір жарым айдан кейін тұз шөгіндісі ағынды коллекторды бітеген болатын. Департаменттердің біріккен әрекеті нәтижесінде жедел түрде қажетті құралдарды тауып, орнатылды солайша біз тұз шөгіндісіне қарсы химиялық қорғанысты бастадық. Ары қарай осы ағынды коллекторда дәнекерлеу тігісі коррозиядан сөгілді, біз оған коррозиядан қорғау жұмыстарын жүргізіп, мәселені шештік. Атап өтерлігі, бұл кен орнының ерекшелігі, әртүрлі қабаттан алынған сулардың араласқанының нәтижесінде құбырларға тұз тез жиналады, содан коррозия пайда болады, бұл кезде ең тиімді химиялық реагентті таңдай білу - оңай міндет емес, біз бұл мәселені жабдықтаушылармен бірге шешеміз.

Жаңа кен орындарын пайдалануға бергеннен бері Оңтүстік-Шығыс Қызылқия, Солтүстік-Батыс Қызылқия, Қарабұлақ пен Батыс Түзкөл кен орындарына химиялық қорғаныс қажет. Оған қоса, «Көлжан» ЖШС үшін Батыс Түзкөлде уақытша химиялық зертхана пайдалануға берілді, онда да біздің зертханашылар жұмыс істейді.

- Қазіргі жобаларыңыз қандай?

- Қазіргі кезде кейбір ұңғымалардан күкіртті сутектің үлкен мөлшерін тапқандықтан, қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп жатыр, бұл қауіпті газды химиялық әдістермен де бейтараптандыруға тырысып жатырмыз.

Батыс Түзкөл кен орнындағы химиялық зертхананы жабдықтау жобасы да қолға алынды. Бірнеше модульден тұратын бұл зертханалық кешен ҚР-ның барлық заңнамалық талаптарын ескерумен жобаланды, сондай-ақ барлық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталғандықтан.

Құмкөл МДАЦ аумағында депрессаторлық қоспаларды дайындауға арналған жаңа қондырғы іске қосылады. Қондырғыны пайдалану үшін іске қосқан соң ПҚҚР мұнайды өз бетімен өңдейді, ол депрессаторлық қоспаны қоса отырып, ҚТО жүйесіне беріледі. Аталған қоспаны мұнайға оны магистральдық құбыр жүйесіне берер алдында мұнайдың қату температурасын төмендету үшін қосамыз. Ол тек күз-қыс мезгілдерінде қосылады. Осы кезде дейін бұл жұмысты ҚТО қызметкерлері өздері атқарып келді.

- Ұжым туралы айта кетсеңіз.

- Вахталық әдіспен жұмыс істейміз, өміріміздің жартысына жуығы кен орнында өтеді. Осындай ұзақ уақыт туысқандарың мен жақындарыңнан алыс, бірдей жағдайда өмір сүру адамдарды жақындастырады, біздің тату-тәтті, ұйымшыл ұжымымыз - соған дәлел!

Департаментіміздің қызметкерлерінің барлығы - еңбекқор және сауатты мамандар, кәсіби және жеке бас қасиеттері мақтауға тұрарлық. Құмкөл кен орнын игеруді бастаған бірінші күннен бастап жұмыс істеп келе жатқан қызметкерлер бар. Ұжымда түрлі медальдар алған, мысалы айтарлықтай үлесі мен тамаша еңбек көрсеткіші үшін мұнайдың 100-жылдығы, Құмкөлдің 25-жылдығының құрметіне медаль алған, мақтау қағаз бен алғыс хат алған қызметкерлер жетерлік.

- Мұнай сапасының төлқұжаты деген не?

- Мұнай сапасының төлқұжаты мұнайды ұйымдастырушы тарап жағынан қабылдайтын немесе тиелетін мұнайдың бір партиясы үшін толтырылады. Әдетте бұл сұйыққойма немесе автоцистерна, кейде құбыр сынамасы. «ҚазТрансОйл» құбыр жүйесіне тиелетін тауарлық мұнайға өнім төлқұжаты әрбір ТТБР-5000 тиелетін сұйыққойма үшін толтырылады (МДАЦ-та орналасқан 5000 тонналық сұйыққойма).

Бақыланатын өлшемдер саны талдаудың нақты бағытына сай анықталады. Мысалы, ҚТО жүйесіне өткізілетін төлқұжат талдауына: өткізілетін мұнайдың температурасы, температурадағы мұнай тығыздығы мен өткізу қысымы, t 20°C және 15°C-тағы мұнай



Владимир Муштаев,
*химиялық жүйелер
менеджері*



Зұлқарнай Маханов,
химиялық жүйелер
зертханасының меңгерушісі

тығыздығы, күкірттің массалық мөлшері, қанытылған бу қысымы, судың массалық мөлшері, хлорлы тұздардың шоғырлануы, механикалық қоспалардың мөлшері, балластың жиынтық массалық мөлшері, мұнайдың қату температурасы мен қоршаған ортаның температурасы, сондай-ақ 20°C мұнайдың кинематикалық тұтқырлығы сияқты талдаулар жасалады.

- Мұнай сапасын тексеру қандай кезеңде жүргізіледі?

- Біздің зертхананың қызметкерлері сұйыққоймадан тартып шығаруға арналған өнімнен сынама алады да, өткізілетін тауарлық мұнайға төлқұжат толтырады. Осыдан соң МДАЦ жетекшісі осы сұйыққоймадан мұнайды ҚТО жүйесіне тартып шығару туралы шешім қабылдайды. Алайда «ҚазТрансОйл» құбыр жүйесіне мұнай МКЕАТ (мұнайды есепке алу коммерциялық торабы) орналасқан автоматты сынама алғыш іріктеп алған сынама талдауының нәтижесі бойынша қабылданады. МКЕАТ-та массалық шығын өлшегіш пен ылғал өлшеуіш орнатылған және үлгі үшін сынама алу жүргізіледі. МКЕАТ автоматты сынама алғыштан алынған сынама талдауларын ҚТО пен ПҚҚР зертханасының қызметкерлері ҚТО зертханасында тәулігіне екі рет жүргізеді. Бұрын, 2012 жылға дейін, ҚТО-да жеке зертхана болмағандықтан бізде жүргізілетін еді, бірақ оны да ҚТО мен ПҚҚР зертханашылары бірге жүргізетін.

- Мұнайымыздың химиялық көрсеткіштері қандай және олар кен орнына байланысты қалай ажыратылады?

- Құмкөл кен орнынан алынған мұнай күкіртгі аз, шайырлы, парафині жоғары топқа кіреді. Мұнайдың тығыздығы 812-819 кг/м³, күкірттің мөлшері 0,11-0,52%, парафин 10,8-11,5%, асфальтендер 0,11-0,92%, шайыры 4,8-8,42%. Фракциялық құрамы бойынша бұл мұнай жанармай нұсқасы ретінде қайта өңдеуге жарай бермейді (мысалы, Brent маркасымен салыстырғанда). Есесіне құрамында парафині мол, күкіртті қоспалары мен асфальтені аз болғандықтан, біздің құмкөлдiк мұнайымыз вакуумдық газойлге (минералды майлардың негізі болып табылатын) қайта өңдеуге жарамды және оны органикалық синтез мақсатында өңдеуге болады.

Әрине, химиялық құрамы бойынша әртүрлі кен орнының өз ерекшелігі бар. Мысалы, Арысқұм мұнайының құрамында парафин мөлшері жоғары және газ факторы көп, Қызылқия мұнайы біршама жеңіл және мұнайшылар тілімен айтқанда «ашық түсті», Түзкөл кен орнындағы мұнай ашық түсті болып келеді.



Жанатхан Тайкенов,
химиялық жүйелер инженері



Химиялық лабораториялар бөлімінің ұжымдық фотографиясы, Құмкөл (2-ші вахта) / Коллективное фото отдела химических лабораторий, Кумколь (2-ая вахта) / Group photo of Chemical Laboratory Department, Kumkol (2nd shift)

- Дайындалған тауарлық мұнай сапасының көрсеткіштері қанағаттанарлық болмаса не істейсіздер?

- Тиелетін тауардың сапалық көрсеткіштері «ҚазТрансОйл» АҚ келісімшартына сай болмаса, қабылдаушы тарап өнімді қабылдауды тоқтатып, «Құмкөл» МДАЦ сұйыққоймасынан мұнай шығаруды тоқтата алады. Талапқа сай емес өнім сапасын жөндеу мен ПҚҚП мұнайын қайтадан тартып шығаруға рұқсат алу үшін ҚТО басшылығының пікірін он сағаттай немесе тіпті бірнеше күн күтеміз. Әлбетте, МДАЦ тартып шығаруға дайын сұйыққоймасы тұрып қалады, кен өндіру кестесі мен жоспары бұзылады. Егер бұл бірнеше күнге созылса, босқа кеткен уақыттың орнын толтыру өте қиынға түседі. Сондықтан кен орнындағы барлық цехтер мен бөлімдер осындай жағдай туындамас үшін өз жұмысын барынша сапалы істеуге тырысады.

Виктор Бухарев,
химиялық жүйелер зертханасының меңгерушісі

- Ілеспе су сапасына талдау неліктен жасалады?

- Өндірілетін ілеспе қабатты су кен орнын пайдаланған кезде міндетті түрде кездеседі, оның құрамында әртүрлі деңгейде карбонатты және сульфатты топтардың ерітілген минералдары, хлорлы тұздар мен сульфидтер, азобты және анаэробты бактериялар болады. Бұл қоспалардың бәрі белгілі бір деңгейде кен орнындағы жұмысты қиындатады.

Мысалы, тауарлық мұнайды дайындаған кезде судың ең төменгі мөлшері мен хлорлы тұзды анықтау керек. Жоғарыда аталған қоспалардың мөлшері көп болса құбыр мен өнеркәсіп жабдықтарында коррозиялық бұзылулар болады, әртүрлі шөгінділері бар жұмыс диаметрі бітеліп қалады. Толық химиялық талдау жасау арқылы қабатты судың құрамын көріп, ықтимал кедергілерді болжап, олардың алдын алу шарасын жасаймыз. Сондай-ақ, біздің мамандар тұрақты түрде коррозия жылдамдығын орнатылған мониторингтік құрылғымен өлшеп, барлық кен орнындағы нысандардағы қабатты судың бактерияларды жұқтыру сипатына сынақ жасайды. Қабатты су сапасын талдау геологтарға да қажет - олар сынаманы алу кестесін құрып, оны зертханаға жеткізуді қамтамасыз етеді. Өндірілген мұнаймен бірге алынған су қабаттық қысымды сақтау үшін суды қайта құйып айдау, ҚР-ның табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес, қайта құйып айдалатын судағы мұнай өнімінің мөлшері шектеледі. Бұл көрсеткіш ПҚҚР кен орнындағы сорғылау станцияларының бәрінде үздіксіз бақыланады.



Нағи Шахаев,
химиялық жүйелер инженері

- Ұңғымаларды химиялық өңдеу туралы толығырақ айтып берсеңіз?

- Туындаған қиындықтар мен ұңғымалардың ерекшелігіне, пайдалану әдісіне, қолданатын құралдарына, т.б. қарай ұңғымаға химиялық талдау жасаудың түрлі ерекшелігі бар. Біздің кен орындарында химиялық реагент қосып, ыстық мұнаймен өңдеу (ЫМӨ) және ыстық сүмен өңдеу (ЫСӨ) кең тараған. Қабаттың забой аймағында тұз шөгіндісі шоғырланған ингибиторды басу әдісі жиі қолданылады, солайша ұңғыманың жөндеу аралық кезеңі артады.

Сондай-ақ, капиллярлық жүйе арқылы ингибиторды шайқау жолымен ұңғыманың жер асты жабдықтарын қорғау бағдарламасы енгізілді. Аталған технологияны бірнеше ұңғымада қолдану айтарлықтай оң нәтиже берді. Әдетте химиялық реагенттер ұңғыманың құбыр немесе құбыр сыртындағы кеңістігі арқылы ақайта құйып айдалады, ал капиллярлық жүйе арқылы реагенттер ұңғыманың забойына өтеді, бұл барынша тиімді. Бұл бағытта жұмыс жалғасып жатыр, әрине, барлық кен өндіретін ұңғымаларды капиллярлық жүйемен жабдықтау мүмкін емес, бірақ әр ұңғыманың ерекшелігін ескере келе оған жеке әдіс тауып, кенеттен туындаған қиындықтарды шешуге тырысамыз.

Технологиялық бөлімнің құрамына енетін мұнайды есепке алу коммерциялық торабында компания өндірген барлық мұнайдың ақырғы есебі жасалып, оны маркетинг бөлімшелерінің бағдарлы тапсырмасына сай таратады. Тұтас алғанда, біз төменде қызметі туралы баяндайтын технологиялық бөлімде Құмкөл және ҚАМ кен орындарында технологиялық бөлім бастықтары Бақытгүл Есіркепова мен Самұрат Мадахметовтың жетекшілігімен вахталық әдіспен 30 адам жұмыс істейді (әр вахтада 15 адамнан).

- Бөліміңіздің жұмысы туралы толығырақ айтып берсеңіз.

- «ПетроҚазақстан» компаниясы қазіргі таңда Қазақстанның алдыңғы қатарлы бес компаниясының қатарына енеді, бұл оның әр қызметкерінің тиімді жұмысының нәтижесі, оған технологиялық бөлім қызметкерлері де үлес қосуда. Технологиялық бөлім өндіріс департаментіне жатады, бізде компанияда 20 жылдан астам қызмет етіп келе жатқан білікті инженер-техник мамандар бар.

Технологиялық бөлім екі топтан құралған. 2006 жылы құрылған технологиялық топта қазір 22 қызметкер жұмыс істейді, олар деректерді жинау, өңдеу, топтаумен айналысады, мұнайды есептеу торабындағы масса өлшегіш бойынша қабылданған және тартып шығарылған мұнай көрсеткішінің есебін жүргізеді. Сондай-ақ, қызметкерлер сынаманы соңғы рет өлшеп, іріктейді, үйлесімсіздікті бақылап, негізгі техника-экономикалық көрсеткіштердің есебін жүргізіп, үлестіреді. «ПҚҚР» АҚ, «Көлжан» ЖШС, «SSM Ойл» ЖШС мен ПКВИ компаниялар тобын қамти отырып, кен орындары мен нысандары бойынша негізгі қабылдау-өткізу актісі мен басқа да құжаттарын рәсімдейді.

2008 жылы құрылған мұнайды есепке алу коммерциялық торабында (МКЕАТ) қазіргі кезде 8 инженер-техник жұмыс істейді. МКЕАТ «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырына енетін кезде, «Мұнай сапасы мен мөлшерін өлшеу жүйесі» жоба-

сы аясында құрылды. Бұл ҚР-ның ҚРСТ 2.62-2003 «Мұнайдың сапасы мен мөлшерін өлшеу жүйесі. Жалпы талаптар» бойынша мұнайды есепке алудағы жаңа стандарттарды енгізуге сай жүргізілді. Ол бойынша өткізілетін мұнай есебі брутто бойынша $\pm 0,25\%$, нетто бойынша $\pm 0,35\%$ артық-кем болуы мүмкін. МКЕАТ қызметкерлері заманауи өлшеу жүйесінің көмегімен «ҚТО» АҚ ағызып шығарылатын тауарлық мұнайдың сапасы мен мөлшерін есепке алады. Сондай-ақ олар «ПҚҚР» АҚ, «Көлжан» ЖШС, «SSM Ойл» ЖШС мен ПКВИ және басқа да мердігерлік мұнай компанияларының кен орындары өткізген мұнайды үлестірумен айналысады, тартып шығарылған мұнайдың тәуліктік, айлық және жылдық актілерін рәсімдейді.

Кен орындарында мұнай өндіру үдерісі тәулік бойы бақыланады, сондықтан өндірістік құрылығда нақты уақытта болып жатқан жағдайды білген және көрген өте маңызды. Барлық ақпарат әр 2 сағат сайын жинақталып, есеп жасау үшін технологиялық бөлімге жіберіледі, ол жерде үдеріске қатысқан адамдардың бәрі жағдай туралы біліп отырады. Біздің бөлімнің негізгі міндетіне мұнайды, су мен ілеспе газды жоғарыда аталған компаниялардың 19 кен орнында өндіру мен өткізу көрсеткіштерін есептеу әдісі бойынша есепті дайындау, есептеп шығару да кіреді. Нәтижесінде бұндай ақпарат тәуліктік, айлық және басқа да есептерге енеді, оны компанияның басқа департаменттері: оның ішінде қаржылық, инженерлік және маркетинг пен тасымалдау бөлімі қолданады. Бұл ақпарат басшылыққа да жіберіледі. Біз негізгі техника-экономикалық көрсеткіштер бойынша бірқатар өкілетті органдарға да есептер дайындаймыз, технологиялық үдерістерді бақылауға қажетті өлшемдерді орындау әдістерін енгіземіз. Талдау жасап, мұнай мен газды өндірудің негізгі көрсеткіші бойынша өндірістік тапсырмадан ауытқу себептерін анықтап, жұмыс агентінің жүктемесін, өткізілетін мұнайды дайындау мен сапасындағы ақауларды анықтап, оларды қалыпқа келтіру шараларын қабылдаймыз.

Бөлім қызметкерлері өлшеу құралдарын тексеріп, кен орындарындағы есеп уақытында және дұрыс жүруі үшін қызмет жасайды. Біздің бөлімнің мамандары он күндік, айлық және жылдық мұнайды қабылдау-өткізу актілерін дайындап, қабылдап, тексеріп, қол қояды, басқа да қатысты құжаттарды, сондай-ақ МКЕАТ жұмысы және өндірістік деректерді басқару жүйесінің дерекқорын жасап, автоцистерналардың мұнай мен суды тасымалдау сияқты жұмыстың тоқтаусыз жүруін қамтамасыз етеді.

Осылайша, бөлімнің міндетіне компанияның кен орнындағы мұнай толы автоцистерналарды қозғалтуды бақылау мен тексеру де кіреді. Бұл жерде біз автоцистерналарға қажетті мөлшердің оларды жылжытатын және ашу қажет болатын әртүрлі пункттерде дұрыс белгіленіп, жазылуын тексереміз, бұл клапан мен басқа да құрылғыларға қатысты, себебі өнімді ұрлау оқиғасы кездесуі мүмкін.

- Соңғы жылдары қандай ірі жобалар жүзеге асырылды?

- 2009 жылы «Өндірістік деректерді басқару жүйесі» (ӨДБЖ) жобасы енгізілді. Аталған дерекқор Құмкөл Оңтүстік, Оңтүстік Құмкөл, Шығыс Құмкөл, Солтүстік Нұралы, Қызылқия, Оңтүстік-Шығыс Қызылқия, Арысқұм, Майбұлақ, Қарабұлақ, Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ, Солтүстік-Батыс Қызылқия, Батыс Түзкөл, Жаңбыршы, Кетеқазған мен Досжан сияқты кен орындарымыздағы мұнай, су мен ілеспе газды өндіру бойынша деректерді жинау, сақтау және үлестіруге арналған Avocet Data Manager Software бағдарламалық жабдықтамасына негізделген.

Біз кен орындарымыздың нысандары бойынша 58 өндірістік рәсімдерді дайындап, енгіздік. Биылғы жылы МКЕАТ-ғы техникалық су құбырын салу, ЕП-2 сусінгіш қоймасын қайта жасау, МКЕАТ-тан МДАЦ-қа дейін Құмкөл кен орнында сусінгіш жол төсемдерін салу жоспарда бар. Деректерді енгізу, орындалған үдерістерді индикациялау, ұңғыманы бағалау мен өндірудің мөлшері төмендеген жағдайда инфрақұрылым нысандарын талдау, мұнайды өндіру-экспорт жасау, суды өндіру - қайта құйып айдау, газды өндіру - қайта құйып айдау - экспорт жасау, т.б. бойынша сызбаны бақылайтын Avocet Surveillance бағдарламалық жабдықтама функционалын кеңейту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

- Ұжымдарыңыз туралы айта кетсеңіз.

- Біздің ұжым ұйымшыл. Бөліміміздің қызметкерлері марапаттар алып жатады, мысалы, 2012 жылы Мұнайшылар күнінде технолог Ақылбек Байымбетов Қызылорда облысы әкімінен «ПетроҚазақстан» компаниясында қызмет етіп, Құмкөл кен орнында 25 жыл еңбек еткені үшін алғыс хат алды.

Жас мамандарды да қабылдауға әзірміз біздің бөлімде «ПетроҚазақстан» стипендиялық бағдарламасының бір өкілі – стажер-маман Илияс Архаров қызмет етеді. Ол ҚХР-ның Пекин мұнай университетінде оқып келді, қазір өзін МКЕАТ технология болуға даяр білімді әрі жауапты маман ретінде көрсетіп жатыр.

- МКЕАТ пайда болу тарихы туралы айтып берсеңіз.

- Жоғарыда айтылғандай, біздің нысанның тарихы 2008 жылы ҚР аумағында мұнайды есепке алу мен өлшеудің жаңа нысандары күшіне енген соң басталды. Сол кезде, «ҚазТрансОйл» АҚ магистральды құбырына кіретін кезде мұнайды коммерциялық есепке алу торабын (МКЕАТ СИКН №2) құру бойынша жұмыстар басталды. Жалпы алғанда, мұнайды тасымалдау тұрғысынан «ҚазТрансОйл» АҚ қызметін біздің компания 1990 жылдан бері пайдаланып келеді. 1990-жылдың 9-мамырында құмкөлдiк мұнайдың алғашқы тонналары Шымкент МӨЗ-да «Омбы-Шымкент» құбырымен ақты.

2010 жылдың 1-маусымында ММСӨ өнеркәсіптік қолданысқа ендіріліп, технологиялық топтың теңгеріміне берілді. Нысандағы жұмысты тыңнан бастадық. МКЕАТ қызметкерлері МКЕАТ есебін жүргізуге қажет барлық кестелер мен есеп құжаттарын, жур-



Бақытгүл Есіркепова,
технологиялық бөлім бастығы

The COMU was commissioned on 1 June 2010 and has been transferred to the Technological Group's balance sheet. Operations were started from scratch and COMU employees have prepared all schedules, reporting documents and journals required for COMU operations. Procedure FO 031-07 'Commercial Oil Metering between PKKR and KazTransOil', which is an internal document stipulating all the actions for both COMU employees and the participation of third parties in work processes, was drafted and approved according to ISO:9001. Amendments are made to the procedure every six months if needed.

COMU employees work closely on the process with CPF units, the Chemical Systems Department, the Marketing Division and directly with KTO.

From the start, as the project was being developed, the budget was limited, which is why certain elements were missed. Thanks to the efforts of Department Head Bakytgul Yessirkepova, since operations were started in 2010, a range of projects have been realised to improve working conditions for COMU employees. An awning has been built at block/metering line sites for protection against the weather, the COMU area has been paved, and a 40-tonne container purchased and adapted as a storage and locksmith's facility.

- How is oil currently metered?

- Previously we used volume and statistics methods at CPF reservoirs, and with the launching of COMU №2, we can meter oil using the mass and dynamic method. Oil is now metered using a MicroMotion CMF 400 consumption conduser (Coriolis massometer). With the introduction of the mass-dynamic method, metering errors have been reduced.

- Do any metering specifics exist, depending on, for example, the field?

- Yes. As no facility is identical, and every location uses its own methods for metering oil production and sales, this is why it can be difficult to prepare procedures. For example, Kyzylkiya CPF uses the mass-dynamic method, while South-East Kyzylkiya Group Station uses the volumetric method, and the Aryskum CPF uses the volume-statical method.

- How are procedures written at your facilities?

- Together with the Oil and Gas Development Department, Oil and Gas Production Department, CPF, CGF, Booster Pumping Station, Chemical Systems Department and Marketing Division, we have drafted and approved 58 production procedures, all of which set out the manner in which those involved should work together. These procedures are in force at PKKR, Kolzhan, SSM Oil and PKVI fields.

Once a procedure has been drafted it is agreed with lawyers, approved by company management and then forwarded by human resources to all relevant employees. Amendments are made if technical changes are made to field operations and the composition of equipment.



Nurlan Asanov,
Engineer-Technologist

- Oil is transported from PetroKazakhstan fields by, among others, motor vehicle. Can you explain how this works?

- Oil and water at the PKKR, Kolzhan, SSM Oil and PKVI fields are transported by road tankers from loading points to reception points at Kumkol, the Kumkol Group Station reception point, Aryskum and the West Tuzkol Group Station reception point - from those wells that are not connected to the intra-field pipeline system. This is where we come in. We have eight engineers working shifts organising transportation.

We are also involved in organising towing after accidents, tanker breakdowns or during bad weather. We are also involved in the process of transferring fluid from one tanker to another, preparing acts of oil received, preparing daily oil transportation reports and reports on balances in holding tanks at individual wells.

Difficulties arise due to the distances between wells and fields, and often, during bad weather, the gravel and dirt roads linking them become hazardous. The most difficult periods are of course autumn and winter, when in addition to the condition of the roads, we have to worry about oil freezing and becoming viscous, which adds a lot of time to the loading process, and we have to constantly heat the tanks. However, thanks to great teamwork with other PKKR departments and the specialised apparatus provided by the contractors, we manage to overcome all difficulties.



Sabit Shermakhanov,
*Engineer, Transportation
Logistics*

The editorial staff would like to thank employees of Chemical Systems Department and Technological Department for their help in the preparation of the article!

«ПЕТРОҚАЗАҚСТАН» СТИПЕНДИАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА – 10 ЖЫЛ!

Компаниямыздың ең маңызды әлеуметтік жобаларының бірі болып табылатын «ПетроҚазақстан» стипендиалық бағдарламасы биыл өзінің онжылдығын тойламақ. Осы жылдары жүзден астам жас қызылордалықтар әлемнің әйгілі оқу орындарында жоғарғы дәрежелі білім алды және әлі де оқып жатыр, ал жобаны іске асыруға бөлген қаржымыз 5 млн. доллардан асты. Дегенмен, ең маңыздысы, осы бағдарламаның арқасында, елдің одан әрі дамуына үлес қосатын, кәсіпқой мамандар жаңа буынының қалыптасуы.

Қызылорда облысындағы «Петро-Қазақстан» стипендиалық бағдарламасы, облыс әкімшілігінің қолдауымен 2005 жылы ұйымдастырылды. Оның мақсаты - дарынды жастардың сапалы білім алуына қол ұшын беру және «ПетроҚазақстан» компаниясына, Қызылорда облысына және жалпы Қазақстанға қажет жоғары мамандандырылған кадрлар қайнар көзін ашу. Оқу ақысы толығымен «ПетроҚазақстан» арқылы қаржыландырылады, оның ішінде тұратын жері, жолы, оқу құралдары және медициналық сақтандырылуы бар. Жыл сайын, кешенді тестілеу, ағылшын тілі бойынша сынақтама және жеке сұхбаттасу өткізілгеннен кейін іріктеу комитетінің мүшелері, көптеген үміткерлер ішінен, ең жоғарғы ұпай жинаған, ең үздік деген 10 адамды іріктеп алады. Үстіміздегі жылы біздің шәкірттер қатары тағы да 6 студентпен толықты, олар Қытай мұнай университетінде техникалық мамандықтарды меңгермек.

2014 жылдың 25 тамызында, қызылордалық «Номад Палас» қонақ үйінің мейрамханасында, салтанатты мерейтой өткізіліп, онда «ПетроҚазақстан» басшылары, бітіріп келген түлектер мен жаңа шәкірттерді құттықтады. «Бүгінгі күн, ерекше күн - біз Қызылордада оныншы болып бітіріп келген жас мамандарды қарсы алып және келесі он бірінші топтық жаңа шәкірттерді шығарып салып жатырмыз» - дей келе «ПҚҚР» АҚ Басқарма төрағасы Цинь Хунвей мырза: «Мұнай-газ саласының жас және болашақ кадрларын оқыту, дайындау ісіне айтарлықтай үлес қосатын Стипендиалық бағдарламаның маңыздылығы оның нәтижесінен-ақ көрініп тұр. 2005 жылдан бастап жалпы алғанда 100-ден астам қызылордалық жастар шетелде білім алды және білім алуын жалғастыруда. Олардың арасынан 43 түлек біздің компаниямыздың құрамында қызмет атқаруда» - деп атап өтті.



«ПетроҚазақстан» компаниясының әкімшілік және еңбек ресурстары бойынша вице-президенті Синь Чжунлинь Нуршат Исмаханбетованы марапаттауда / Вице-президент по трудовым ресурсам и администрации «ПетроКазakhstan» Синь Чжунлинь награждает Нуршат Исмаханбетову / Xin Zhonglin, PetroKazakhstan Vice President on HR and Administration, awards Nurshat Ismakhambetova

Түлектерді, Қызылордаға арнайы келген, «ПетроҚазақстан» компаниясының әкімшілік және еңбек ресурстары бойынша вице-президенті Синь Чжунлинь де құттықтады. Бағдарлама маңыздылығын айта келе, ол: «Бұл жоба, қызылордалық жастар үшін өте пайдалы және тиімді. Озаттардың озатына шет елден білім алу және мамандық меңгеру мүмкіндігі берілген. Бұның бәрі ергенгі күнге деген сенімділікті оятады» - деп лебізін білдірді.

Бұл сөздерді шәкірттердің өздері де құптап отыр - біреуі өз арманын іске асыру мүмкіндігін айтса, екіншісі өз өмірін өзгерту үмігін сөзге тиек етті. Атаулы кеште алғаш сөздерді шәкірттер де, олардың ата-аналары да айтты. «Осы грантқа қол жеткізу үшін біз ауыр және ұзақ сынақтан өттік - тесттер 3 кезеңнен, 5 емтиханнан және сұхбаттан құралды, - дейді 2014 жылғы шәкірт Асылзат Төлепбергенова. - Қытайда оқи алатыныма қуаныштымын және бізге берілген осындай мүмкіндік үшін «ПетроҚазақстанға» алғысым зор. Мен өз мамандығымды өте жақсы меңгеруге және қайта оралғаннан соң компанияның және өз аумағымыздың

дамуына үлесімді қосуға тырысамын» - деп жалғастырды. Ал оның анасы, «Біздің отбасымыз «ПетроҚазақстан» стипендиалық бағдарлама сияқты керемет жобаның бар екендігіне өте қуанышты. Бұл балаларымызға шет елдерден ақысыз білім алу, кейін Отаны үшін еңбек ету мүмкіндігін береді» - деп қуанышымен бөлісті.

Биыл біздің кен қазушылар бөлімі тағы да 11 маманмен толығыды, олар алдыңғы түлектердей компаниямыздың өсіп-өнуіне үлесін тигізбек. «Мен Бейжіңде оқуды бітірдім, ал жуықта Түзкөлде жұмысымды бастаймын. Стипендиалық бағдарлама - бұл керемет мүмкіндік» - деп Айдос Нұрғалиев пікірін білдірді.

Мерейтой тәмамдаған шақта жастар, той тортына 10 шам жағып, ду қол шапалақпен атақты «Замыкая круг» әнінің әуеніне Стипендиалық бағдарламасының дәстүрлі әнұранын орындады.

Әрі қарай «ПетроҚазақстан» компаниясында жемісті еңбек етіп жүрген, 4 бағдарлама түлегімен жүзгізілген сұхбатымызды оқыңыздар.

НАТАЛЬЯ ИОНЫЧЕВА

жетекші инженер, геология және геофизика бөлімі, ПҚҚР, Қызылорда қаласы

- Сіз «ПетроҚазақстан» компаниясының алғашқы стипендиаттарының бірісіз. Университеттегі оқу жылдары туралы айта кетсеңіз.

- Тұңғыш рет шетелге шыққандықтан Канадаға барған сапарым ерекше әсер қалдырды, көргендерімнің бәріне таң қалып, тамсанумен болдым. Канада – көшелері таза, көкке ұмтылған зеңгір үйлері бар, инфрақұрылымы тамаша дамыған, халқы ашық-жарқын үлкен мемлекет.

Канададағы оқуды Қазақстанмен салыстырмаймын. Бір ғана айтарым, ол елдегі оқу жүйесі өте жоғары деңгейде дамыған. Ол жерде біреуден көшіру, плагиат дегенге жол берілмейді. Университет оқытушылары білікті, ақылды әрі дарынды адамдар болуымен қатар, өндіріс саласының табысты мамандары. Мысалы, маған «Сандық дабылды өңдеу» курсынан сабақ берген оқытушы «Макинтош» компаниясы үшін микрофон ойлап тапқан, сондай-ақ көптеген басқа оқытушылар тек Калгари Университеті студенттері ғана емес, Канадалық басқа да жоғары оқу орындары пайдаланатын түрлі оқулықтарды жазған.

Канадалық студенттер оқуға үлкен жауапкершілікпен қарайды. Олардың көбі оқу ақысын төлеу үшін жазу ақытында жұмыс істейді. Барлығы сабаққа адал, мұқият дайындалады. Біздің университет студенттері Prairie chicken, яғни қазақшаға аударғанда «Жайылма балапаны» деп аталатын ескерткіш маңындағы көгалды сабақ қарауға ыңғайлы жер ретінде таңдап алды. Prairie chicken - Калгари университетінің жасырын тұмары болатын. Кейде ескерткіш ашық жатқан кітап бетін еске салғандай болатын. Мүмкін, осыған байланысты кей студенттер ескерткіш маңына сәттілік үшін


1994-2005 - Қызылорда қаласының № 2 мектеп, үздік оқушы, «Алтын белгі» иегері

2005-2009 - Канада, Калгари университеті, «геофизика» мамандығы, үздік бітіруші

2009 қыркүйек - ПҚҚР геология және геофизика бөлімінде машықтанушы-маман ретінде жұмысын бастады

2010 қыркүйек - 2013 сәуір - геофизик, геология және геофизика бөлімі

2013 мамырдан - қазіргі кезге дейін геология және геофизика бөлімінің жетекші инженері



дайындалған болар. Студенттер соңғы курста жұмыс іздеуге белсене кіріседі. Калгари - Канаданың жұмыссыздық деңгейі төмен қалаларының бірі, сондықтан студенттер іздеген жұмысын тез тауып алады.

Канадада өткізген күндерімнің ішінде менің жадымда үш нәрсе жатталып қалыпты. Біріншісі, канадалықтардың ашық-жарқындығы мен үнемі күліп жүретіндері, екіншісі - хоккей. Ол елдің тұрғындары шетінен нағыз хоккей жанашырлары. Ал калгарилықтар - Канадада ең мықты команданың бірі болып саналатын Calgary Flames тобының жанкүйерлері. Үшіншіден есімде қалғаны, әр жаз сайын өткізілетін Calgary Stampede деп аталатын үлкен бақташылар (ковбойлар) байқауы. Калгари қаласы үшін ең сүйікті байқаудың бірі Calgary Stampede ойындарына өте көп адам қатысады, бағдарлама бойынша rodeo, ат жарысы, ауылшаруашылық жәрмеңкесі өткізіледі.

Университетте өткізген жылдарым - менің өмірімдегі ең тамаша сәттер болғаны сөзсіз. Сондықтан да қымбатты «Петро Қазақстан» компаниясына, осы стипендиялық бағдарламаны тағайындағаны үшін ризамын. Соның арқасында 10 жылдан бері талапты балалардың армандарына қол жеткізуіне жол ашып, мақсаттарын жүзеге асыру үшін мүмкіндік беріп отырғандарына шексіз алғысымды білдіремін!

- Стипендиаттардың барлығы дерлік өз жұмысын компанияда машықтанушы ретінде бастайды. Сіз бар болғаны 4 жыл ішінде

жетекші инженер лауазымына дейін көтерілдіңіз. Өз жұмысыңыз жайлы толығырақ айта кетсеңіз.

- Университетте алған білімім геология әлеміне терең еніп, нақты іске керек дүниелерді табуға негіз болды. Әрине, қалғаны ынталы еңбектің арқасы. Алғашқы жұмысқа тұрған жылы университеттің бірінші курсында оқығандай қиналдым. Кейін бір арнаға түсіп алған соң, барлығы реттеліп, қалпына келді, үйреніп алдым. Ең қиыны, университеттен алған біліміңді дұрыс пайдаланып, теориядан тәжірибеге өту. Бастысы - өз жұмысыңды жақсы көріп, тырысу керек. Әрине, күні бүгінге дейін үйреніп, солардан үлгі алып келе жатқан тәлімгерлердің ақыл-кеңестерінсіз болмас еді. Мен барлаушы геология бөлімінде жұмыс істеймін және өз жұмысымды өте жақсы көремін. Менің жұмысым - сеймиканы түсіндіру, құрылымдық карталарды жасау, көкжиектерді картілеу, келешегінен үміт күттіретін алаңдарды іздеу. Жұмысымның ең қызық тұсы, сеймиканы түсіндірген кезде осы сеймиканы тудыруға қандай геологиялық құрылымның әсер еткенін анықтау барысында өзімді суретшідей сезінетінім. Мұндайда суретші қылқаламының қиялы мен нақтылығына үлкен жауапкершілік артылады.

- Сіз геология және геофизика бөлімінің құрамында жүріп, Президенттік жүлденің иегері атанып үлгердіңіз. Оны қандай жоба/жетістік үшін алдыңыздар?

- Біздің топ Президенттік жүлдесін 2012 жылы алды. Бұл жыл геоло-

гия бөлімі үшін өте табысты болды. Айтарлық жетістіктеріміз көп: жылдың басында-ақ барлау үшін бұрғыланған 26 мұнай ұңғымасының 18-нен мұнай қоры, ал 5-нен газ алынды. Барлау үшін бұл жоғары көрсеткіш болып саналады. Бір ғана Батыс Түзкөл барлау кенінің өзі көпке тұрмақ. Барлаушы-бағалаушы ұңғымалардың көбі артық шығынсыз күніне 100-300 м3 құйылым алып отырды. Бұл да тамаша көрсеткіш. Сондай-ақ Белқұдық кен орны ашылды. Белқұдық-1 ұңғымасы юра дәуірінің құмдақ шөгінділерінен күніне 226 м3 құйылым алды. Бұл 1057-лицензияның шығыс бөлігіндегі алаңның опырылған құрылымдық тұзақтарын (сонымен қатар опырылған аймақтардағы мұнай тұзақтарын) барлауға мүмкіндік берді. Тағы да мұнайлы кен орындарының аймағын кеңейткен Қарабулақ және Батыс Қарабулақ барлау кендерінің нәтижелері жоғары табысқа ие болды. Сонымен қатар біздің топ өткен жыл

бойы зерттеу жұмыстарын жүргізген Кетеқазған кен орнында өзен арнасы тұзақтары ашылды. Өзен арнасы тұзақтары – литологиялық тұзақтардың бір түрі (мұндайда литологияның бір түрі екіншісінің орнын тау жыныстарының біреуін екінші бір борпылдақ жақсысымен алмастыра отырып көлбей басады). Құрылымдық тұзақтарға қарағанда литологиялық тұзақтарды табу өте қиын. Сондықтан, бұл жаңалық өте маңызды еді. Бір сөзбен айтқанда, жетістіктеріміз жеткілікті болды. Және осының бәрі геология және геофизика департаменті ұжымының бірігіп жақсы жұмыс істегеннің арқасында қол жеткізген нәтижелер еді.

- 5 жылдан кейінгі өзіңізді қалай елестетесіз?

- Болашаққа көз жүгірткенді ұнатпаймын. Бір білерім, геологиялық барлау саласында табанды еңбек етіп,

өз шеберлігін арттырып жүрген маман болатыным анық. Егер осы уақыт аралығында мансап табалдырығында жоғарылайтын болсам, бұл әрине тамаша. Олай болмаған жағдайда, мақсатыма қол жеткізу үшін барымды салып тырысатын боламын.

- Бүгінгі таңдағы «Петро-Қазақстан» Стипендиялық бағдарламасына қатысушыларға қандай тілек айтасыз?

- Стипендиялық бағдарламаның жаңа қатысушыларына тілерім, өз мамандықтарына деген сүйіспеншілікті университет табалдырығында жүріп-ақ сезіне біліңіздер. Адам сүйікті ісімен айналысқанда ғана белгілі бір дәрежеге жете алады. Табанды еңбек етіп, қиындықтан қорықпауға шақырамын. Сабақты адал оқындар, сондай-ақ студенттік жылдардың басқа қызықтарынан да құр қалмандар дегім келеді.

ЕРКЕН ҮМБЕТҚҰЛОВ

геофизик, геология және геофизика бөлімі, ПҚҚР, Қызылорда қаласы

- Сізге Қытайдағы ең ірі оқу орындарының бірі - Қытай мұнай университетінде оқу бұйырды. Оқу жылдары қалай өтті?

- 2006 жылы мен «ПетроҚазақстан» стипендиялық бағдарламасы бойынша Қытай мұнай Университетіне (ҚМУ) грантқа оқуға түстім. Оқу бес жылға созылды. Алғашқы жылды біз қытай тілін меңгеруге арнадық. Қалған төрт жылда геология бойынша жалпы білім беретін және арнайы пәндерді таза қытай тілінде оқыдық. Қытайда өткен алғашқы жылымды ешқашан ұмытпаймын. Бос уақыт қалса қытай иероглифын меңгеруге кірісетінбіз. Басында оны үйрену мүмкін еместей көрінді. Біздің алдымызға қойылған мақсат – бір жыл ішінде қытай тілін белгілі бір деңгейде игеріп, университетке түсу үшін тіл бойынша бастапқы емтиханды тапсыру еді.

Емтиханды сәтті тапсырғаннан кейін сабақтар басталды - пәндерді қытай тілінде оқу бір жағынан қиын болса, екінші жағынан қызықты еді. Сөздікті пайдаланбаған бір де бір күн есімде жоқ. Барлық техникалық сөздерді алдымен өз тілімде түсініп алып, артынан қытай тіліне аударатынымын. Сабақты жақсы оқу үшін көп дайындалуға тура келді. Біз өзімізбен курстас Қытай азаматтарымен жақсы достасып кеттік. Олар сабақта ұқпай қалған тақырыбымызды түсіндіріп, жалпы біздерді қолдап



жүретін. Солардың арқасында қытай мәдениетін де әжептәуір танып қалдық. Барлығымыз құрдас болғандықтан, олардың дүниетанымды, көзқарастары мен өмірлік ұстанымдары біз үшін қызықты болды. Олар да өз кезегінде біздің еліміз, мәдениетіміз бен өмір сүру салтымыз жайлы қызыға сұрайтын.

Қытай студенттерінің өте ынталы екенін атап өтпеуге болмас. Қытайда тұрғындар өте көп болғандықтан, сәйкесінше бәсекелестік те жоғары деңгейде. Соның ішінде оқуда да бәсекелестік бар. Сондықтан сәл де бол-

сын өзгелерден ерекшелену үшін студенттер күні-түні кітаптан бас алмайды. Мені тағы бір таң қалдырғаны – әрі бұл Қазақстанмен салыстырғанда үлкен ерекшелік - тіпті бүкіл Қытай бойынша университет аралық сайыстарға қатысып, жүделі орын алған студент-спортшылардың өзі емтихандан босатылмайды екен. Оларға бар болғаны емтиханды кейін тапсыруға рұқсат етіледі. Тағы бір қызықты ерекшелік - көптеген қытайлықтар үшін өзге тілді меңгеру қиынға түседі. Әрі олар шетел тілін көптеген кітаптар арқылы

игеретіндіктен, сөздік қорларын молайта береді. Сондықтан да болар, қытайлықтар ауызекі сөйлесуде әлсіз болғандарымен, көркем шығарманы жазуға келгенде алдарына жан салмайды.

ҚМУ-да студенттер оқу орындары, жатақханалар, стадион, бассейн, түрлі спорт алаңдары, сондай-ақ асхана мен дүкендер орналасқан үлкен корпусты тұрып оқиды. Бұл жерде студенттерге қажеттінің бәрі бар. Сондықтан, олар өздерін еш нәрседен қысылмай, жайлы сезінеді.

Әрқашан студенттерге лық толы кітапханаға барудың өзі бір ганибет еді. Әсіресе, емтихан уақытында ол жерден бос орын табу қиынға соғатын. Ал оқу жылы аяқталған кезде ең үздік деп танылған 100 студент университет тарапынан 100 доллардан 1000 долларға дейін ақшалай сыйақыға ие болады. Шетел студенттері қытай студенттерімен салыстырғанда өзгеше бағаланатын. Жыл сайын сол үздік студенттердің арасында біздің «ПетроҚазақстан» стипендиялық бағдарламасы бойынша оқуға түскен студенттер де болатын. Осылайша біздің ағымда студенттердің барлығы дерлік ақшалай сыйлыққа ие болды.

Оқуды мен жақсы тәмамдадым. Және ол уақыт мен үшін тамаша кезең еді. Ұстаздарым мен курстастарыма білдірер алғысым шексіз. Оқуды бітіргеннен кейін осы мамандықты одан да тереңірек меңгере түссем, ары қарай оқуымды жалғастырсам деген қызығушылық пайда болды.

- Ол жақтың қандай мәдени ерекшеліктері сізді таңқалдырып, есіңізде қалды?

- Бұл елдің тіпті кез келген аймағы өз мәдениеті, диалектісі және асханасымен бір-бірінен ерекшеленеді. Қытай асханасы бай әрі алуан түрлі.

2001-2006 - Қызылорда қаласы, Қазақ-түрік лицейін «Алтын белгіге» тәмамдаған

2006-2011 - Пекин қаласы, Қытай мұнай университеті, «инженерлік геология» мамандығы

2012 қазан - ПҚҚР Арысқұм кен орнында өндіру технологиясы бойынша машықтанушы-маман ретінде жұмысын бастаған

2013 тамыз - Арысқұм кен орнында өндірістік қызмет пен қабат қысымын сақтау бойынша инженер

2014 наурыз - бүгінгі күнге дейін - геофизик, геология және геофизика бөлімі, ПҚҚР, Қызылорда

Ең бастысы, мені қытайлықтардың өз денсаулығын қалай күтетіні таңдандырды. Әр таң сайын саябақта немесе кішкентай алаңдарға адамдар жиналады да жаттығу жасайды. Меніңше, бұл үлгі алуға тұрарлық ерекшелік. Қытайда кеңінен тараған көлік түрі - велосипед. Оны қытайлықтар жасына, жынысына немесе қызметіне қарамастан барлығы тебе береді. Сонымен қатар олардың күн тәртібі де ерекше. Қытайлықтар ерте тұрып, ерте жатады.

Қытайлықтардың еңбекқор, жанкешті адамдар екенін барлығымыз жақсы білеміз. Қытай экономикасының күн санап өсуі - соның бірден бір дәлелі. Өзімді таң қалдырғаны - Қытайдағы зәулім ғимараттар көз ілеспес жылдамдықпен тез салынатыны еді.

- Өз қызметіңіз жайлы айта кетсеңіз. Инженер болғалы сіздің міндетіңіз қаншалықты өзгерді?

- 2012 жылы қазан айында мен ҚАМ кен орнына өндіріс технологиясы бөлімінде инженер болып жұмысты бастадым. Бұл кен орнына алғаш келуім еді. Менің міндетіме - мұнай қорының азаю деңгейін қадағалып, механикалық қоспалар үшін ұңғымадан алынған сынама сұрыптарды уақытылы тізімдеу және т.б. жұмыстар енді. Жұмыс барысында осы сала бойынша алған білімді барынша пайдаланып, маман ретінде шыңдала түсуге тырыстым.

Менің өндірістегі алғашқы ұстаздарым жетекші инженерлер А.Найзабаев, А.Есқараев және 1-санатты геолог С.Жұртубаев болды. Оларға көрсеткен көмектері үшін зор алғыс айтамын. Кейде түскі ас уақытында біз өндірістегі түрлі сұрақтарды талқылаймыз. Мұның өзі оқу барысымен тең. Мен осындай

ұйымшыл ұжымда жұмыс істейтініме қуаныштымын.

Өткен жылы біздің механикаландырылған өндірудегі жетекші инженерлері Президенттік Алтын жүлдеге ие болды. Бөлімнің жетістігі мен табысы - кен орнындағы өндіру технологиясының жетекшілері С.Құлманов пен Е.Ормағамбетов, менеджерлер Н.Жолдыбаева мен А.Жұманованың еңбектерінің арқасында екені сөзсіз. Егер салыстырмалы түрде айтар болсақ, көптеген танымал спортшылар өз жетістіктеріне жаттықтырушыларының еңбектері арқасында қол жеткізеді ғой. Себебі, жаттықтырушының мықты стратегиясы, өз спортшысын жақсы тануы, оның мүмкіндіктерін сәтті пайдалана білуі, жинаған тәжірибесін командаға үйретуі, сол команданың жеңіске жетуіне кепіл болады. Бізде де дәл солай, мықты тәлімгерлер мамандық жолында біздерді жетелеп келе жатыр.

- Алға қойған мақсатыңыз қандай?

- Жұмысымда жоғары жетістіктерге жетіп, білікті маман атанып, еліміздегі мұнай саласының дами түсуіне өз үлесімді қоссам деймін.

- Болашақ стипендиаттарға берер кеңесіңіз.

- Болашақ стипендиаттарға сәттілік тілеймін.

«ПетроҚазақстан» компаниясы жетекшілеріне Қытай елінде білім алып, оқуды бітіргеннен кейін жұмысқа орналасуға мүмкіндік бергендері үшін шексіз ризамын. Сондай-ақ, оқу бөліміне, нақтырақ айтқанда Айкүміс Қосанова мен Замзура Әбсаттароваға оқу барысында көрсеткен көмектері үшін рахметімді айтамын.



Өндірістік тәжірибе кезінде / На производственной практике / At internship

АЙМУРАТ ҚҰДАЛША

жетекші инженер, мұнай және газ өндіру бөлімі, ПҚҚР, Қызылорда қаласы



- ҚБТУ - Қазақстандағы ең мықты жоғарғы оқу орындарының бірі. Университеттегі оқу жылдары туралы айта кетсеңіз.

- Шынымен, ҚБТУ Қазақстан бойынша мұнай және газ өнеркәсібі саласында жоғары санатты маман дайындайтын ең мықты оқу орындарының бірі. Маған ҚБТУ-ға тапсыр деп кеңес берген үлкен ағам еді. Көктемгі демалыс кезінде, сынып жетекшіміз бізді Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарын аралауға алып келді. Сонда мен осыған дейін естігендерімді өз көзіммен көрдім. Бір кездері Үкімет үйі болып, мемлекеттік деңгейдегі мәселелер шешілген үлкен әрі әдемі ғимаратта орналасқан Қазақстан-Британ Техникалық Университеті өзінің ыңғайлы да кең дәріс залдарымен, заманауи түрде жабдықталған зертханаларымен мені өзіне бірден баурап алды. Менің бойымды дәл осы жерде, дәл осы оқу орнында оқысам деген қиял кернеді. Қызылордаға қайтып оралған соң га-

зеттен «ПетроҚазақстан» стипендиялық бағдарламасы туралы хабарламаны оқыдым. Бұл менің арнамымды жүзеге асыруға көмектескен керемет мүмкіндік болды.

ҚБТУ-да Қазақстанның алдыңғы қатарлы жастары: «Алтын белгі» иегерлері, республикалық және халықаралық олимпиада жеңімпаздары білім алады. Оқу қарқынды екпінмен жүрді, көбіне студенттің өздігінен ізденуіне баса көңіл бөлінетін. Бастапқы уақытта өте қиын болғанын жасырмаймын. Дегенмен, өзім жұмыс істеп, университет қабырғасында алған білімімді өз тәжірибемде қолдана бастаған кезімде үмітімнің ақталғанын түсіндім.

- Сіздің «ПетроҚазақстандағы» жұмысыңыз кен орнында басталды. Осы жайлы айта кетсеңіз, кендегі жұмыс кеңседегі жұмыстан несімен ерекшеленеді?

- ПҚҚР-дағы жұмысымды мен Арысқұм кен орнында механикаландырылған өндіру саласында машықтанушы-маман ретінде бастадым. Сол кезден-ақ біздерге, стипендиялық бағдарлама бойынша оқып келген мамандарға, құрметпен әрі қызыға қарайтын. Менің кен орнындағы алғашқы тәлімгерім Алмат Жұманов болды. Дәл осы еңбекқор адам әрі сауатты маман менің инженер болып қалыптасуыма зор үлесін қосты. Ол маған ҚТЖЕҚ заңдылықтарын қатаң сақтауды, сондай-ақ ұңғымалардың техникалық параметрлерін талдау арқылы механикаландырылған өндіру тәсілін пайдалануды және мұнай өнімін кеңейту үшін ұсыныстар беруді үйретті. Біз, инженер Сәбит Буриходжаев және механикалық өндіру операторлары ұңғымаларға барып, ондағы сыну ақауларының себебін

анықтап, оларды жою туралы ұсыныс беретінбіз. Бір жылдан кейін мені Құмкөл кен орнына механикаландырылған өндіру бөлімінің инженері ретінде ауыстырды. Ол жерде мен 2 жыл жұмыс істедім. Кезекшілік арасындағы демалыста «Жобаларды басқару» және тағы басқа бағдарламалар бойынша курстарда білім алдым. Кен орындарында жұмыс істеу менің теориялық білімімді бекіте түскенін атап өту керек.

2012 жылы мені мұнай және газ өндіру департаментіне жетекші инженер қызметіне ауыстырды, содан бері осы жерде жұмыс істеп келемін. Кеңседегі жұмыспен кен орнындағы жұмыстың басты айырмашылығы қойылған мақсаттардың әртүрлілігімен ерекшеленеді. Кен орнында біз тек ұңғымадан шыққан механикаландырылған қорды қадағалаған болсақ, кеңседе жаңа ұңғымаларды меңгеруден бастап, қыртыстарға әсер етіп (қыртысты сумен немесе қышқылмен өңдеу) жаңа технологияларды игеріп, бір сөзбен айтқанда, өндірудің барлық үдерісіне атсалысамыз.

- Болашақта қандай жоспарларыңыз бар?

- Алдағы уақытта геология және геофизика ғылымдарын тереңірек зерттей түсу үшін, сонымен қатар ағылшын тілін терең меңгеріп, кәсіби машығымды жетілдіре түсіп, өз мүмкіншілігімді толықтай ашу мақсатында «Болашақ» бағдарламасы бойынша Англияға магистратураға тапсырсам ба деген ойым бар.

- Өз әріптестеріңіздің арасында сіз үлгі тұтатын маман бар ма?

- Әрине, біздің директор Өзбекбай Ермаханов сондай адам. Ол компанияда Құмкөл кен орны ашылған уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Тәжірибесі мол әрі білімі мол маман, өз ісінің нағыз шебері. Кез келген сұраққа ұтымды жауап беріп, білгенімен бөлісуге дайын тұрады. Менің әлі ол кісіден үйренерім жетерлік.

- Стипендиялық бағдарламаның бүтінгі және келешек қатысушыларына қандай кеңес бере аласыз?

- Стипендиялық бағдарлама бойынша оқып жатқан қатысушыларға берер ақылым – өз еңбек жолдарын кен орнынан бастасын. Сонда олар еңбек тәртібіне, ұжымда жұмыс істеп, теориялық білімді тәжірибеде бекіте түсуге мүмкіндік алып, компания саясатымен танысып, оны жақсы игереді.

2000-2005 - Қызылорда қаласы, Қазақ-түрік лицейі

2005-2009 - Алматы қаласы, ҚБТУ, «мұнайгаз ісі» мамандығы

2009 қыркүйек - ПҚҚР Арысқұм кен орнында, өндіру технологиясы, механикаландырылған өндіру бөлімінде машықтанушы-маман ретінде жұмысын бастады,

2010 қыркүйек - 2012 тамыз - Құмкөл кен орнында, өндіру технологиясы, механикаландырылған өндіру бөлімінің инженері

2012 тамыздан - қазіргі кезге дейін - Қызылорда қаласы, мұнай және газ өндіру бөлімінің жетекші инженері

БАХТИЯР ШАДАЕВ

1-дәрежелі инженер, мұнай-газ игеру бөлімі, ПҚҚР, Қызылорда қаласы

- Оқу барысында ең қиыны не болды?

- ҚБТУ-де оқыған кезімде аса үлкен қиыншылықтар болған жоқ. Басында сәл қиналған тұсымыз студенттің өз сабақ кестесін өзі құрайтыны еді. Сондықтан да, бізде «оқу тобы» деген түсінік болған жоқ. Мысалы, сіз бірінші сабақта бір топпен отырсаңыз, екіншісіне мүлде басқа біреулермен қатысуыңыз мүмкін. Себебі, әркімнің жеке өзіндік сабақ кестесі бар.

Әрине, мұндай жүйенің артықшылықтары жетерлік. Мысалы, түс уақытында өзіңе бір сағаттық демалыс жариялап алсаң да болады. Немесе, егер сен кеш түруді ұнатсаң, онда сабақтарды сағат 10-да басталатындай етіп құра аласың. Дегенмен, аталған жүйенің басты артықшылығы – бірінші курстан бастап-ақ әр студент өздігінен шешім қабылдауға, өз жұмыс күнін өзі жоспарлауға үйренеді.

Ал «Болашақ» бағдарламасы бойынша, магистр дәрежесін алу үшін аттанған Манчестердегі университетке барған кезімде (2010-2011 оқу жылы), бәрі мүлде басқаша болды. Біздердің, Еуропа, Азия және Африка елдерінен бір ортаға жиналған студенттердің саны 45 магистр еді. Солардың ішінде 12-і қазақстандық студенттер болатынбыз. Сондықтан, жаңа ортаға үйренісу аса қиыншылық тудырған жоқ. Ол жақта мен үшін модуль ұзақтығы мен баға қою кезіндегі қатаң жүйе жаңашылдық болды. Ондағы ұстаздар - бар болғаны екі-үш апталық модульге келіп, өз білгендерін үйретіп, курс аяқталғанда емтихан алып, қайта өз жұмыстарына оралатын мұнайгаз саласының мамандары. Сондықтан да осы екі-үш апта аралығында сенің бар ойың тек бір ғана модульде болады. Мысалы, егер петрофизика курсы басталса, тек петрофизика туралы ойлап, тек сол туралы оқитын боласың. Онсыз курсты түсінбей қалып, емтиханда құлап қалуың да ғажап емес.

- Алған біліміңізді тәжірибеде қалай пайдаланып жатырсыз? Өз жұмысыңыздың қай тұсы қатты ұнайды?

- ҚБТУ-да оқып жүрген кезімде мен мұнайгаз саласының геология, бұрғылау, ұңғымаларды аяқтау, өндіру, мұнай мен газды жинау және дайындау сынды салалары жайында теориялық білім алдым. Бұл маған аз уақыт аралығында жұмыс барысын түсініп алуыма көмектесті. Ал Манчестер университетінде мен геология, геофизика, петрофизика, седиментология және геохимия ғылымдары аясында



тәжірибе арқылы мол білім жинадым. Осылайша, өндірістік тәжірибе кезінде біз Ирландия теңізінің жағалауындағы Уэльстегі террогенді жыныстардың ашылуын (құрлықтан жұлынып алынған тау жыныстары мен минералдардың сынықтары пен қалдықтары) және Испаниядағы Майорка құздарының карбонаттық жыныстарын (су түбінде қалған жануарлар мен өсімдіктер қалдығы негізінде құрылған), сондай-ақ Ноттингемнің геологиялық базасында кен материалдарын (ұңғымаларды бұрғылау кезінде пайда болатын тау жынысы бағаналары) зерттедік. Алған білімімді жұмыс барысында, яғни ұңғыма аралық корреляция мен құрылымдық карта құрғанда, каротаждарды түсіндіргенде, бір сөзбен айтқанда, кен орны геологиясын кешенді зерттеу кезінде қолданамын.

Жұмыстың ең қызықты тұсы - әрбір кен орнының өзіндік геологиялық ерекшелігінде. Көптеген кен орындары мен барлау алаңдарының ашылуы,

2001-2006 - Қызылорда қаласы, дарынды балаларға арналған №9 лицей-интернатының «Алтын белгі» иегері

2006-2010 - Алматы қаласы, ҚБТУ, «Мұнайгаз ісі» мамандығы

2011 қыркүйек - ПҚҚР, Құмкөл кен орнында өндіріс департаменті, геологтар тобы бөлімшесінде машықтанушы-маман ретінде қызметін бастады

2011 қараша - Құмкөл кен орны, өндіріс департаменті, геологтар тобы бөлімшесінде геолог

2012 маусым айынан - қазіргі кезге дейін - Қызылорда қаласы, ПҚҚР, мұнай және газ өңдеу департаментінде 1-дәрежелі инженер

олардың геологиялық құрылымының бір-біріне ұқсамауы, коллекторлардың түрі мен жынысы, қалдықтың жиналу шарты - зерттеу барысын қызықтыра түсіп, өз ой-өрісінді жетілдіруге көмектеседі.

- Еңбек жолың кен орнында бастағаныңызды білеміз. Өндірістегі жұмыс пен кеңседегі жұмыстың айырмашылығы неде?

- Кен орнында мен ОИҚ-тың (Орталық инженерлік қызмет) геология бөлімінде геолог болып жұмыс істедім. Жетекші геологтың қол астында барлығы 4 маман едік. Соның ішінде менің қызметіме қиын ұңғымаларды қарастырып, олардың жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар құрып, сонымен қатар ұңғымаларға барып, геология-техникалық іс-шаралар жүргізіп, көпірлі тығын жасау және тағы басқа жұмыстар кіретін еді.

Ал өңдеу департаментіндегі міндетіме - кен орындарында жүргізілетін жобаларды қадағалау, бұрғылау үшін жаңа ұңғымалардың орнын іздеу, сейсмикалық мәліметтерді талдау және жоғарыда жүргізілген жұмыстар мен басқа да қызметтерім үшін есеп беру жатады.

- 5-10 жылдан кейін өзіңізді қалай елестетесіз?

- «Бәрі Құдайдың қолында» деген бар емес пе? Сондықтан, алға түсіп, болашаққа үңілгенді құп көрмеймін. Ең бастысы, мен Қазақстанда қызмет еткім келеді.

- Әріптестеріңіздің арасында сізге үлгі боларлық адам бар ма?

- «ПетроҚазақстан» - біздің еліміздегі алдыңғы қатарлы компаниялардың бірі. Сондықтан да компания қызметкерлері мен жұмысқа орналасса деген үміткерлерге қойылатын талап өте жоғары. Біздің департаментте өз ісінің кәсіпқойлары жұмыс істейді, олардың әрқайсынан үлгі алуға болады.

- «ПетроҚазақстан» стипендиялық бағдарламасының болашақ қатысушыларына қандай тілек білдіресіз?

- Do your best! (Өз қолдарыңнан келгеннің бәрін істендер!) Дәл осы бір ауыз сөздің ішінде менің оларға деген барлық тілегім айтылған. Дегенмен, бұл сөз тек ағылшын тілінде өз мағынасын толық аша алады. Үнемі ізденіп, жетіле түсіңдер. Әлем бір орында тұрмақ емес. Ақпарат күн санап жаңартылуда. Сондықтан, жаңа ойлар мен білім іздеу жолында жалықпаңдар дегім келеді.

СТИПЕНДИАЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ «ПЕТРОКАЗАХСТАН» – 10 ЛЕТ!

Один из важнейших социальных проектов нашей компании – Стипендиальная программа «ПетроКазахстан» в этом году празднует свое десятилетие. За эти годы свыше сотни молодых кызылординцев получили и продолжают получать высококлассное образование в лучших мировых вузах, а наши инвестиции в реализацию проекта превысили 5 млн. долларов. Но самое главное – благодаря программе в области формируется новое поколение профессиональных нефтяников, которые будут способствовать дальнейшему развитию страны.

Стипендиальная программа «Петро-Казахстан» по Кызылординской области была создана в 2005 году при поддержке акимата области. Ее цель – содействие талантливой молодежи в получении качественного образования и создания источника высококвалифицированных кадров для компании «ПетроКазахстан», Кызылординской области и Казахстана в целом. Полное финансирование обучения, включая проживание, проезд, учебники и медицинскую страховку предоставляется «ПетроКазахстан». Каждый год после проведения комплексного тестирования, тестирования по английскому языку и индивидуального собеседования члены отборочного комитета отбирают из множества кандидатов до десяти лучших, набравших самые высокие баллы. В этом году ряды наших стипендиатов пополнятся еще 6-ю студентами, которые будут учиться в Китайском университете нефти по техническим специальностям.

25 августа 2014 года в ресторане кызылординского отеля «Номад Палас» состоялось посвященное юбилею торжественное мероприятие, на котором руководство «ПетроКазахстан» поздравляло выпускников и новоиспеченных стипендиатов. «Сегодня для всех нас знаковый день – мы встречаем в Кызылорде молодых специалистов десятого выпуска и отправляем на учебу стипендиатов очередной одиннадцатой кампанией, – отметил Председатель правления АО «ПККР» Цинь Хунвэй. – О значимости Стипендиальной программы, которая вносит существенный вклад в дело обучения и подготовки молодых и перспективных кадров нефтегазовой отрасли, говорят результаты. С 2005 года за рубежом получили знания и еще учатся в общей сложности более 100 молодых кызылординцев. Из этого числа 43 выпускника работают в структурах нашей компании».

Поздравила стипендиатов и специально прибывшая в Кызылорду Вице-президент по трудовым ресурсам и админи-



«ПККР» АҚ Басқарма төрағасы Цинь Хунвей Бекарыстан Қосайды марапаттауда / Председатель правления АО «ПККР» Цинь Хунвэй награждает Бекарыстана Косай / Qin Hongwei, Chairman of the Board of Governors of PKKR JSC, awards Bekarystan Kosai

страции «ПетроКазахстан» Синь Чжунлинь. Говоря о значимости программы, она подчеркнула: «Проект очень полезен и выгоден для кызылординской молодежи. Лучшим из лучших дана возможность получить высшее образование за границей и обрести профессию. Все это рождает уверенность в завтрашнем дне».

Эти слова подтверждают и сами стипендиаты – кто-то говорил о возможности реализовать свою мечту, кто-то – о шансе изменить свою жизнь. Слова благодарности звучали на вечере как от самих стипендиатов, так и от их родителей. «Чтобы стать обладателем гранта, мы проделали долгий и нелегкий путь – тесты состояли из 3 этапов и 5 экзаменов и собеседования, – говорит стипендиат-2014 Асылзат Толепбергенова. – Я счастлива, что могу начать учебу в Китае и огромное спасибо «ПетроКазахстан» за предоставленный нам шанс. Я буду стараться на отлично освоить свою специальность и по приезду внести свой вклад в процветание компании и нашего реги-

она». Ей вторит ее мама: «Наша семья рада, что есть такой прекрасный проект как Стипендиальная программа «ПетроКазахстан». Она дает возможность нашим детям бесплатно обучиться за рубежом и затем работать во благо Родины».

В этом году ряды нашего добывающего подразделения пополнятся еще одиннадцатью специалистами, которые, как и предыдущие выпускники, будут вносить свой вклад в развитие компании. «Я закончил учебу в Пекине, а на днях начинаю работу на Тузколе, чему очень рад, – говорит Айдос Нурғалиев. – Стипендиальная программа – это отличный шанс».

В завершении юбилейного вечера ребята зажгли 10 свечек на большом праздничном торте и под бурные аплодисменты исполнили традиционный гимн Стипендиальной программы под музыку популярной песни «Закрываю круг».

Далее читайте интервью с 4-мя стипендиатами, которые уже успешно работают в «ПетроКазахстан».

НАТАЛЬЯ ИОНЫЧЕВА


ведущий инженер, отдел геологии и геофизики, ПҚКР, г.Кызылорда

- Вы были в числе первых стипендиатов «ПетроКазахстан». Расскажите о годах учебы в университете.

- Поездка в Канаду стала моей первой поездкой за рубеж, поэтому мне все казалось в новинку, все очаровывало и впечатляло. Канада - большая страна с чистыми улицами, красивыми небоскребами, отличной инфраструктурой и постоянно улыбающимися друг другу канадцами.

Сравнивать канадскую учебу с казахстанской не буду. Скажу просто, что канадская система образования находится на высшем уровне, где неприемлемо списывание и где плагиат строго наказывается. Учителя при университете - умные и талантливые люди, которые являются не только компетентными преподавателями, но и успешными специалистами в производственной сфере. Так, например, мой преподаватель по курсу «Обработка цифрового сигнала» изобрел микрофон для компании «Макинтош», а несколько других преподавателей написали учебники, по которым занимались не только мы, студенты Университета Калгари, но и студенты других вузов Канады.

У канадских студентов отношение к учебе очень серьезное, многие из них подрабатывают летом, чтобы заплатить за учебу. Все учатся добросовестно. Излюбленным местом для учебы у студентов нашего университета была лужайка вокруг скульптуры Prairie chicken, что в переводе означает «Цыпленок прерий». Prairie chicken является негласным талисманом университета Калгари - кому-то скульптура напоминает раскрытую книгу, и, кто знает, возможно, некоторые студенты зани-



маются возле него специально, на удачу. Поиском работы студенты активно занимаются на последнем курсе. Калгари - один из канадских городов, имеющих очень низкий уровень безработицы, и большинство выпускников находят работу.

За все годы, проведенные в Канаде, мне больше всего запомнились три вещи. Первое - доброжелательность и улыбчивость канадцев, второе - хоккей. Почти все канадцы ярые фанаты хоккея, а калгарийцы болеют за команду Калгари Calgary Flames, которая считается одной из самых сильных в Канаде. И третье, что мне запомнилось, - это Calgary Stampede, большой ковбойский фестиваль, который проходит каждое лето. В программу входят родео, скачки, гонки, сельскохозяйственная ярмарка, и Calgary Stampede привлекает большое количество посетителей, являясь одним из самых любимых фестивалей в Калгари.

Годы в университете, безусловно, были одними из самых замечательных в моей жизни. И я хочу сказать большое спасибо нашей дорогой компании «ПетроКазахстан» за ее Стипендиальную программу, которая на протяжении вот уже 10 лет ее реализации подарила «путевки в жизнь» такому количеству способных ребят, дав им шанс реализоваться в жизни!

- Все стипендиаты начинают свою работу в компании с должно-

сти стажера. Вы всего за 4 года выросли до должности ведущего инженера. Расскажите подробнее о Вашей работе.

- Знания, полученные в университете, дали мне необходимую базу для того, чтобы окунуться в мир геологии на практике и не утонуть в них. Остальное - результат усердного труда. Первый год работы, как и первый год в университете, был наиболее сложным, а дальше, как втянулась, все уже пошло само собой. Сложно было переходить от теории к практике, научиться правильно применять весь багаж знаний, полученных в университете. Главное - стараться и любить свою работу, и, конечно, не обошлось без помощи и наставлений опытных специалистов, у которых я учусь до сих пор. Я работаю в отделе разведочной геологии и очень люблю свою работу. Я занимаюсь интерпретацией сеймики, построением структурных карт, картированием горизонтов, выделением и поиском перспективных площадей. Самое интересное в моей работе - это то, что при интерпретации сеймики пытаешься понять, какая геологическая структура могла быть причиной тех или иных сейсмоданных, ощущая себя неким художником, на воображении и точности кисти которого лежит огромная ответственность.

- Вы даже уже успели получить Президентскую премию в составе отдела геологии и геофизики. За

1994-2005 - школа № 2 г.Кызылорда, окончила с отличием, получатель «Алтын Белгі»

2005-2009 - Университет Калгари, Канада, специальность «геофизика», окончила с отличием

сентябрь 2009 - начала работу в ПҚКР на должности специалиста-стажера, отдел геологии и геофизики

сентябрь 2010 - апрель 2013 - геофизик, отдел геологии и геофизики

май 2013 - по наст. время - ведущий инженер, отдел геологии и геофизики

какой проект/достижение она была получена?

- Наша группа получила Президентскую премию за 2012 год, этот год был весьма успешным для отдела геологии. Достижений было много: только за первую половину года из 26 пробуренных разведочных скважин 18 получили приток нефти, а 5 - приток газа. Для разведки это считается очень высоким показателем. Одна разведка месторождения Западный Тузколь чего стоила. Большинство разведочных и оценочных скважин северной части месторождения получили приток в 100-300 м³/день с очень низкой обводненностью, что является отличным результатом. Было открыто месторождение Белкудук, скважина Белкудук-1 получила приток в 226 м³/день нефти из юрских отложений песчаника. Это положило начало разведке приразломных структурных ловушек (т.е. ловушек нефти, образованных вблизи разломов) на восточной части площади лицензии 1057. Также значительные достижения были сделаны в разведке месторождений Карабулак и Западный Карабулак, благодаря которым площадь нефтеносности месторождений была значительно увеличена. Были открыты речные русловые ловушки нефти на месторождении Кетеказган, изучением которых наш отдел занимался весь прошлый год. Речные русловые ловушки - это один из типов литологических ловушек (когда один тип литологии горизонтально заменяется другим, изолируя хорошую пористую породу от других



Дипломы бар мамандар / Дипломированные специалисты / Graduates

пород). Литологические ловушки гораздо сложнее найти, чем структурные, поэтому это открытие значило многое. Словом, достижений было много! И все это благодаря отличной командной работе коллектива департамента ГиГ.

- Кем бы хотели видеть себя через 5 лет?

- Забегать вперед не люблю. Знаю, что вижу себя по-прежнему усердно работающей и оттачивающей свое мастерство в геологоразведке. Если в течение этого времени продвинусь дальше по карьерной лестнице - хорошо, если

нет - буду очень и очень стараться, пока это не произойдет!

- Что бы Вы пожелали нынешним участникам Стипендиальной программы «ПетроКазахстан»?

- Новоиспеченным участникам Стипендиальной программы от всей души желаю полюбить свою профессию еще в университете, ведь люди становятся великими только в любимых делах. Желаю больше трудолюбия и меньше страха перед трудностями. Учитесь добросовестно, но и не забывайте про все другие прелести студенческой жизни!

ЕРКЕН УМБЕТКУЛОВ

геофизик, отдел геологии и геофизики, ПККР, г.Кызылорда

- Вам посчастливилось учиться в одном из крупнейших университетов Китая - Китайском университете нефти. Какими были годы учебы?

- В 2006 году я поступил в Китайский университет нефти (КУН) по гранту Стипендиальной программы «ПетроКазахстан». Учеба длилась пять лет, из них год мы изучали китайский язык, оставшиеся четыре - общеобразовательные и специальные предметы по геологии, и тут уже обучение полностью велось на китайском языке. Никогда не забуду мой первый год в Китае, когда все свободное время шло на изучение и запоминание иероглифов - вначале казалось, что выучить китайский невероятно трудно, практически невозможно. Нашей задачей было в течение года до

определенного уровня выучить китайский язык, с тем чтобы сдать пороговый экзамен по языку для поступления в университет.

После успешной сдачи экзаменов началась учеба - изучать предметы на китайском языке было одновременно и сложно, и интересно. Не припомню ни дня, когда я бы сидел без словаря - все технические слова приходилось сперва воспринимать на родном языке, а уже потом переводить на китайский. Чтобы успешно учиться, приходилось много заниматься. Мы общались и дружили с однокурсниками-китайцами, которые нам здорово помогали, разъясняя непонятные в учебе вопросы да и просто поддерживая нас. Общение с ними помогло понять и китайскую культуру. Мы все были ровесниками, и было ин-

тересно, как они рассуждают, какие у них приоритеты в жизни и многое другое. Они, в свою очередь, всегда с интересом расспрашивали о нашей жизни, стране, культуре.

Хочу отметить, что китайские студенты очень усердные. Население в Китае велико, и, соответственно, велика конкуренция. В том числе и в учебе. Для того чтобы выделиться в учебе, они днями и ночами сидят за учебниками. Меня еще удивило - и это отличается от Казахстана - студенты-спортсмены, занимающие призовые места на межвузовском уровне по всему Китаю, не освобождаются от экзаменов. Им лишь разрешают их сдать позже. Еще такой интересный пример. Изучение иностранного языка для большинства китайцев невероятно сложный процесс,

и они запоминают иностранные слова целыми книгами, что непосредственно влияет на их словарный запас. Они могут быть не так сильны в разговорной речи, но когда дело доходит до эссе, тут им просто нет равных.

В КУН студенты живут и учатся в студенческом кампусе, в котором расположены учебные корпуса, общежития, стадион, бассейн, различные спортивные площадки, а также столовые и магазины. Есть все, чтобы студенты ни в чем не нуждались и комфортно себя чувствовали.

Интересно было посещать библиотеку, где всегда полно студентов, а в период сдачи экзаменов - особенно, с трудом найдешь свободное место. А к концу учебного года 100 лучших студентов поощряются университетом денежными призами в размере от 100 до 1000 долларов США. Иностранные студенты оценивались отдельно от китайских студентов. И каждый год в число лучших входили и стипендиаты «ПетроКазахстан», так, на нашем потоке почти все стипендиаты получали денежные призы.

Учебу я закончил успешно, и ее годы были незабываемо счастливым временем. Я благодарен учителям и однокурсникам за их помощь. После окончания университета у меня появился интерес к дальнейшему обучению, захотелось еще глубже изучить все тонкости профессии.

- Какие культурные особенности Вы запомнили, какие Вас удивили?

- Не перестаешь удивляться, что и каждая провинция этой страны имеет свою культуру, отличия, диалекты и даже кухню.

2001-2006 - Казахско-Турецкий лицей, г.Кызылорда, обладатель «Алтын Белгі»

2006-2011 - Китайский университет нефти, г.Пекин, специальность «инженерная геология»

октябрь 2012 - начал работу в ПККР на должности специалиста-стажера, технология добычи, месторождение Арыскум

август 2013 - инженер по поддержанию пластового давления, производственные услуги на месторождении, месторождение Арыскум

март 2014 - по наст.время - геофизик, отдел геологии и геофизики, ПККР, г.Кызылорда



